

OÝTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	ТҮПНУСКА 77/11- 72 беттің 1 беті
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі		

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

ТӘЖІРИБЕЛІК- ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Пәннін/модульдің атауы: «Химия»

Мамандығы: 09120100 - «Емдеу ісі», 09130100 - «Мейірбике ісі», 09110100 - «Стоматология»,
09110200 - «Ортопедиялық стоматология».

Біліктілігі: 4S09120101-«Фельдшер», 4S09130103-«Жалпы практикадағы мейірбике»,
4S09110102- «Дантрист», 4S09110201 - «Тіс технігі».

Курс: 1

Семестр: 1

Бақылау түрі: Емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы сағат саны KZ: 144/6

Аудиториялық сабак, симуляция: 144

Шымкент, 2024

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	77/11- 72 беттің 2 беті
--	---	--

«Химия» пәні тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулық құрастырган оқытушы:
 Таясарова Думан Ертүрғанқызы

09120100 - «Емдеу ісі», 09130100 - «Мейіргер ісі», 09110100 - «Стоматология», 09110200 - «Ортопедиялық стоматология» мамандықтары бойынша оку жоспарының негізі мен ұсыныстары:

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы отырысында каралды және ұсынылды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасының менгерушісі Ботабаев Р.Е. Ботабаева

ПЦК отырысында каралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

ПЦК төрайымы Ботабаев Р.Е. Ботабаева

Әдістемелік кеңестің отырысында каралды.

Хаттама № 1 «29» 08 2024 ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы Рахманова Г.С.Рахманова

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 3 беті

5.1. Тақырыбы №1: Атом құрылышының заманауи теориясы, атомдағы электрондар күйі, квант саны. Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі.

5.2. Максаты: студент элементтердің жүйедегі орнын, периодтық заңының маңыздылығын және атом құрылышының негізгі маңызын білуі керек.

5.3. Оқыту міндеттері: химиялық ыдыстармен, реактивтермен жұмыс жасап үйрену. Химиялық реакциялардың бағытын анықтауды және тәжірибелі есептерді шыгаруды үйрену.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1.Химиялық элемент, атом, молекула ұғымына түсінік беріңіз.

2.Химиялық және физикалық құбылыстарға түсінік беріңіз.

3.Химиялық формула және тендеулер дегеніміз не?

4.Молярлық масса және молярлық көлемге түсінік беріңіз. Мысал келтіріңіз.

5.5. Оқытудың негізгі түрлері /әдістері/ технологиялары: кіші топтарда жұмыс, есеп шығару

Теориялық бөлімі

Резерфорд бірінші болып *атомның планетарлық моделін-ұлғи нұсқасын ұсынды*.

Резерфорд теориясына орай атом, өлшемі өте кішкене болатын, оң зарядталған ядродан тұрады, оның айналасында теріс зарядталған бөлшектер-электрондар айналады. Сутек атомынан басқа барлық атомдардың ядроны протондардан оң зарядталған бөлшектерден және нейтрондардан (бейтарапты бөлшектерден) тұрады. Протондарының саны бірдей де бірақ та нейтрондарының саны әртүрлі болып келетін, атомдарды, изотоптар деп атайды. Жалпы бүтіндей алғандағы атом электробейтарапты болғандықтан, ядро айналасында айналып жүретін, электрондардың қосынды заряды, ядро зарядына тең болуы керек.

Кванттық деп аталынатын, бүтін сандардың жиынымен орбитальді мазмұндауға немесе сипаттауға болады. Олар белгіленеді: n-бас кванттық сан; l-орбитальдық кванттық сан; m-магниттік кванттық сан; ms-спиндік кванттық сан.

Бас кванттық сан n – деңгей нөмерін белгілейді. Ол берілген энергетикалық деңгейде орналасқан, электрондардың энергиясын сипаттайты.

Орбитальды кванттық l-ол электрондық бұлттың (қосымша кванттық сан) формасын тур пішімін сипаттайты. Орбитальды кванттық сан 1 әрбір бас кванттық санының мәні үшін 0 және (n-1) арасындағы, мәнді қабылдайты.

Магнитті кванттық сан m, орбитальдің кеңістіктегі орналасуын сипаттайты. Оның мәндері келесідей: 0; ±1; ±2; ±3. Магниттік кванттық саны орбитальдық кванттық санына тәуелді және сол берілген мәндерімен 1 орбитальдар санын нұсқайды: m= 2l+1.

Спин – ол электронның өзінің осінің айналасындағы өзінін айналуы. Спинді сипаттау үшін спиндік кванттық сан деп аталатын, 4-ші кванттық сан ms енгізіледі. Ол тек екі мәнді ғана қабылдай алады: +1/2 және -1/2.

Периодтар мен ұяластар. Периодтың нөмірі басты кванттық санын (n) мәнімен бірдей. 1-3 кіші периодтар, 4-нен бастап үлкен периодқа бөлінеді. Үлкен периодтардың жұп қатарындағы зарядтың өсуімен сыртқы қабатында электрондардың саны тұрақты болып қалады және ол 1 не 2-ге тең.

Топтар мен топшалар. Периодтың жүйенің элементтері 8 топқа бөлінеді. Топтың реттік саны атомдардың сыртқы қабатында валенттік электрондарына сәйкес келеді. Мысал: Эрбір топ топшаларға бөлінеді. Ол энергетикалық деңгейлердің электрондармен толуындағы айырмашылықта негізделінеді. Басты топша элементтерінің сыртқы деңгейлерінің не s-

ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 4 беті

денгейшелері, не р-денгейшелері толады. Қосымша топшаш элементтерінің d-мен-f деңгейшелері электрондармен толады.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары:

1. Период дегеніміз не?
2. ЭПЖ. Үлкен және кіші периодтардың үқастығы мен айырмашылығы неде?
3. Нөмері 17- элементтің электрондық формуласын жазыңыз.
4. «Си» және «Fe» атомдарының электрондарын энергетикалық деңгейге орналастырыңыз.
5. Қатар саны 16 және атомдық салмагы 32 болатын элемент атомында нейтрон саны қанша?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 5 беті

5.1. Тақырыбы №2. Химиялық элементтердің электртерістігі, радиоактивтілік, валенттілік және тотығу дәрежесі. Тотығу тотықсыздану реакциясы.

5.2. Мақсаты: Студент электролиттік диссоциация теориясының негізгі жағдайларын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Әртүрлі ерітінділердің ортасын тәжірибелік түрінде анықтауды үйрену.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Аррениус және Бренстед-Лоури бойынша қышқылдық-негіздік теориялар.

2. Диссоциация түрактысы және дәрежесі. Оствальдтың сүйылту заны.

4. Гидролиз реакциясы.

5. Тұздардың әр түрлі типтері және олардың әрқайсысы гидролизге ұшырауы.

$\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$; K_2SO_3 ; NH_4CN , NaCl , KNO_3 , ZnCl_2 , $\text{NH}_4\text{CH}_3\text{COO}$, Na_3PO_4 тұздарының гидролиз реакциясын жазыңыз.

1. Гидролиз реакциясының тепе-тендігінің бұзылуы әр түрлі факторларға тәуелділігі.

7. Қышқылдар мен негіздердің протолиттік теориясының негізгі жағдайлары.

6. Тұзар үшін FeCl_3 ; K_2S ; CH_3COONa иондық түрде гидролиз реакциясын күріңіз. FeCl_3 тұзының гидролизін зат NaOH немесе HCl қосу арқылы күшайтеді.

7. Реакция тендеуін аяқтаңыз:



8. Биохимиялық процестерде гидролиздің биологиялық рөлі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Валенттілік – ол элемент атомдарының басқа элемент атомдарының белгілі санын қосып алу немесе орын басу қасиеті. Бұл ұғымды 1852 жылы Э.Франкленд енгізген.

Валенттіліктің сан мәні Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі элементтердің орнына байланысты. Қөптеген жағдайда элемент атомдарының валенттілігі периодтық жүйенің топ нөмеріне тең. Бұл ережеден ауытқулардың да болатыны белгілі.

Элементтердің танбалары	Валенттіліктері	Ең кіші ортақ еселігі	Индекстері	Формуласы
P O	V II	10	$10:5=2$ $10:2=5$	P_2O_5
Fe O	III II	6	$6:3=2$ $6:2=3$	Fe_2O_3
Mg O	II II	2	$2:2=1$ $2:2=1$	MgO
S O	VI II	6	$6:6=1$ $6:2=3$	SO_3
P H	III I	3	$3:3=1$ $3:1=3$	PH_3

Химиялық элементтердің валенттілігінің периодты өзгеруіне байланысты химиялық элементтерге сәйкес оксидтердің және сутекті қосылыстарының түрлері мен қасиеттері де периодты өзгереді.

Электртерістілік - элементтің сыртқы электрон қабатын толықтыруға ұмтылысын сипаттайтын шаманы айтады. Химиялық байланыстың түзілуі мен оның қасиеттері әрекеттесуші элементтердің атомдарының құрылышына тәуелді болады. Электртерістілік период бойынша солдан онға қарай, ал топ бойынша төменнен жоғары қарай артады.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 6 беті

Тотыққандық дәрежесі – ол молекула атомдарындағы шартты заряд, ол ядро заряды үлкен элементтерге ядро заряды кіші элементтерден электрондардың тартылуы есебінен түзіледі. Атомдардың электр терістілігінен тәуелділікте, тотығу дәрежесі (т.д.) он, теріс және нөлдік зарядты болуы мүмкін.

Жай заттар үшін олардың атомдарының тотығу дәрежесі әр кезде де нөлге тең, мысалы, Zn, Na, S, Cl₂, O₂, H₂, O₃ және т.б. Өйткені мұндай молекулалар мен атомдарда электрондық тығыздылықтың ығысуы жоқ.

Қосылыстардағы кейбір атомдар үшін тотығу дәрежесі тұрақты шама болып келеді. Мысалы, қосылыстардағы сілтілік металдар (Na, K, Cs, Fr) әрқашан тотығу дәрежесін +1 тең көрсетеді, ал сілтілік жер металлдары (Ca, Mg, Ba, Cd, Zn →) +2 тең, Al-алюминийдікі әркез +3.

Фтор - ол ең электртерістілікті элемент, сондықтан ол құрделі қосылыстарда т.д.= -1 көрсетеді. Оттек көптеген қосылыстарда т.д.= -2, алайда ол фтормен қосылысында т.д.= +2 береді. Мұнан басқа, оның асқын тотықтары аса асқын тотықтардағы т.д.= -1 және бөлшекті мәнде де бола береді.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Валенттілік дегеніміз не?
2. Неге валенттілік мәні кей жағдайларда сыртқы энергетикалық деңгейдегі электрондар санымен сай келмейді?
3. Формуладағы элементтердің валенттілігін анықтаңыз: NiO, Cu₂O, SnO₂, As₂O₅.
4. Тотығу дәрежесіне түсінік беріңіз.
5. Электртерістілік ұғымына түсінік беріңіз.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академия» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 7 беті

5.1. Тақырыбы №3: Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі және олардың химиялық қасиеттері.

5.2. Мақсаты: студент бейорганикалық қосылыстардың жіктелуін, олардың қасиеттерін, алыну әдістерін білуі керек.


5.3. Оқыту міндеттері: бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі және олардың химиялық қасиеттерін зерттеу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Валенттілік және тотығу дәрежесіне түсінік беріңіз.

2. Формуладағы элементтердің валенттілігін анықтаңыз: Na_2O , BaO , K_2S , H_2SO_4 .

3. Реакция тендеуін құрыңыз:



5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Барлық бейорганикалық күрделі заттар заттар төрт топқа немесе класқа бөлінеді: оксидтер, қышқылдар, негіздер және тұздар.

Оксидтер: оксидтер деп екі элементтен тұратын оның біреуі оттегі болып келетін күрделі заттарды айтамыз. Оксидтер тұз түзетін және тұз түзбейтін болып екіге бөлінеді.

Тұз түзбейтін (CO , NO , N_2O , SiO).


Тұз түзетін оксидтер: **негіздік, қышқылдық және амфотерлі** оксидтер болып бөлінеді.

Негіздік оксидтер деп негіздері сәйкес болатын оксидтердің айтады. Мысалы, Na_2O , CaO , MnO .

Қышқылдық оксидтер деп оларға қышқылдары сәйкес болатын оксидтердің айтады. Мысалы, P_2O_5 , SO_3 , CO_2 .

Амфотерлі оксидтер деп негіздік және қышқылдық қасиет, яғни екі жақты қасиет көрсететін оксидтер айтамыз. Мысалы, Al_2O_3 , ZnO , BeO , Cr_2O_3 .

Қышқылдар диссоциация кезінде катион ретінде тек қана сутег катионаның түзетін электролиттер. Қышқылдар негіздермен әрекеттескенде тұз және су түзіледі.



Қышқылдар құрамындағы оттектің болуына байланысты **оттекті** және **оттексіз** болып бөлінеді. **Оттекті:** H_2SO_4 , HNO_3 , H_3PO_4 . **Оттексіз:** HCl , HCN .

Қышқылдар негізділігі бойынша Зке бөлінеді.

Бірнегізділік: HNO_3

Екінегізділік: H_2SO_4

Үшнегізділік: H_3PO_4

Негіздер деп металл атомымен байланысатын бір немесе бірнеше гидроксил тобы бар күрделі заттар.

Негіздер қышқылдылығы бойынша Зке бөлінеді.

Бірқышқылдылық: NaOH

Екіқышқылдылық: $\text{Cu}(\text{OH})_2$

Үшқышқылдылық: $\text{Fe}(\text{OH})_3$

Тұздар дегеніміз металл атомы мен қышқыл қалдығынан тұратын күрделі заттар.

Орта тұздардың молекулалары тек метал катиондары және қышқыл аниондарынан тұрады. NaCl , K_2SO_3 , CaCO_3 .

Қышқыл тұздардың молекулалары құрамында сутегі атомы болады. KHSO_4 , $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$

ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 8 беті

Негіздік тұздардың молекуласында гидроксотовы болады. CuOHCl, CaOHNO₃.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі.
- 2.Берілген оксидтердің қайсылары негіздік оксидтерге, қайсылары қышқылдық оксидтерге жатады. Na₂O, N₂O₅, SiO₂, CaO, CrO₃,CuO.
3. Негіздер дегеніміз не?
4. Қышқылдар дегеніміз не?
5. Тұздар дегеніміз не?

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 9 беті

5.1. Тақырыбы №4. Химиялық байланыстардың түрлері. Ковалентті, иондық, металдық және сутектік байланыстар.

5.2. Мақсаты: студент химиялық байланыстардың түрлерін білуі керек.

5.3. Оқыту міндеттері: Химиялық байланыстардың түрлері. Ковалентті, иондық, металдық және сутектік байланыстарға бөле отырып, түсіндіру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Оксидтер мен негіздер дегеніміз не?
- Берілген оксидтердің қайсылары негіздік оксидтерге, қайсылары қышқылдық оксидтерге жатады: Na_2O , BaO , K_2S , SO_3 .
- Тұздардың химиялық қасиеті.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Химиялық байланыстың негізгі өлшемдері:

Байланыстың энергиясы-энергия, ол жекеленген атомдардан молекула түзілген кезде бөлінеді. Байланыс энергиясы байланыстың беріктігін анықтайды. Байланысты ұзуге қанша үлкен энергия жумсалған сайын, байланыс сонша берік. Әдетте байланыс энергиясын мольге қатынасты Джоульде өрнектейді (Дж/моль).

Байланыс ұзындығы атомдар орталығы арасындағы қашықтықпен анықталынағы, ол берілген байланысты түзеді. Байланыс еселенсе, онда осы байланыстың ұзындығы қысқарады.

Валенттік бұрыш – ол молекуладағы атомдардың ядросын қосатын, түзу сызықтардың арасындағы бұрыштар және ол түзілетін молекуланың кеңістіктік құрылымына тәуелді.

Егер ортақ электрондық жұп атомдар арасындағы нақ ортасына орналасатын болса, онда мұндай байланысты **полюссіз коваленттік байланыс** деп атайды. Егер байланыстыруыш электрондық жұп электр терістілігі басымдау атом жағына қарай ығыса орналатын болса, мұндай байланыс – **коваленттік полюсті**.

Егер атомдардың біріндегі ЭТ шамасы айтарлықтай жоғары болса, онда электрондық жұп толықтай электртерісті (ЭТ) күшті элементке қарай ығысады, мұндайда атомдарда оң және теріс заряд туындаиды, оны молекулалық-ионды **байланыс** дейді.

Сутектік байланыс – байланыстың ерекше түрі. Ол молекула аралық әрекеттесу мен таза химиялық байланыс арасындағы аралық орынға (жағдайға) орналасады.

Металдық байланыс деп электростатикалық тартылу нәтижесінде металдар иондарының және жалпыланған электрондар арасындағы түзілетін химиялық байланысты атайды.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

- Иондық байланыс. Мысал келтірініз.
- Ковалентті байланыс. Мысал келтірініз.
- Берілген заттардағы байланыс түрін анықтап, неге екенін түсіндіріңіз. CaF_2 , F_2 , H_2S , N_2 , LiCl .
- Оттек молекуласындағы химиялық байланысты атаңыз.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 10 беті

5.1. Тақырыбы №5. Химиялық реакциялардың жылу эфектісі. Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық тепе – теңдік.

5.2. Мақсаты: студент химиялық реакциялардың теориялық негізін, олардың бағытын анықтай білуі керек.

5.3. Оқыту міндеттері: химиялық реакциялардың жылу эфектісі. Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық тепе – теңдікті зерттеу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ковалентті байланыс және оның түрлері. Мысал келтіріңіз.
2. Берілген заттардағы байланыс түрін анықтап, неге екенін түсіндіріңіз. H_2 , H_2S , N_2 , $NaCl$.
3. Кристалл торлар түрлері.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Химиялық кинетика дегеніміз – химиялық реакциялардың жылдамдығын, механизмін және оларға әр түрлі факторлардың әсерін зерттейтін ғылым.

Химиялық реакцияның жылдамдығы деп – бірлік көлеміндегі (гомогендік реакциялар үшін) немесе фаза аралық бірлік бетіндегі (гетерогенді реакциялар үшін) бірлік өлшем уақытындағы әрекеттесуші заттар концентрацияларының өзгерісімен анықталады. Реакция жылдамдығы моль/м³с өлшем бірлігінде өлшенеді (СИ жүйесі бойынша).

Реакция жылдамдығы уақыт өткен сайын өзгереді, сондықтан оны жүйенін тұрақты көлем кезіндегі концентрацияның уақытқа қатынасы ретінде анықтайды.

$$v = -\frac{dc}{dt}$$

Реакция жылдамдығы әрекеттесуші заттардың табиғаты, температура, концентрация, қысым және катализаторға тәуелді.

Бұл заңды норвег ғалымдары Гульдберг пен Вааге тұжырымдады. «Тұрақты температура кезіндегі химиялық реакцияның жылдамдығы әрекеттесуші заттардың сәйкесті стехиометриялық коэффициенттерінің дәрежесінде алынған, олардың молярлық концентрацияларына тұра пропорционал»

Мысалы, $aA + bB \rightleftharpoons dD + cC$ тұра реакция үшін жылдамдық өрнектелетін теңдеу:

$$v_1 = K_1 [A]^a [B]^b$$

Реакцияның кинетикалық теңдеуіне қатты күйдегі заттарды қоспайды. Қатты заттар реакцияға, күллі көлемімен емес, беттік қабындағы ауданымен әрекеттеседі, сондықтан кинетикалық теңдеу, мысалы, күкірттің тотығу реакциясы үшін $2S + 3O_2 = 2SO_3$ болса, $V = K [O_2]^3$ түрінде болады.

Вант – Гофф заңы: температуралық әрбір 10^0 - қа көтергенде көптеген реакциялардың жылдамдығы 2-4 есе өседі.

$$\nu_{t_1} = \nu_{t_0} \gamma^{\frac{t_1 - t_0}{10}}$$

γ - температуралық коэффицент

Химиялық тепе – теңдік және оның ығысу әдістері.

Химиялық реакциялардың көшілігі бір мезетте өзара қарсы екі бағытта жүреді, яғни реакция өнімдері өзара әрекеттесіп әуелгі заттарды түзеді. Мұндай реакциялар қайтымды реакциялар деп аталады. $aA + bB \rightleftharpoons dD + cC$

Тұра реакцияның жылдамдығы $v_1 = K_1 [A]^a [B]^b$

Кері реакцияның жылдамдығы $v_2 = K_2 [D]^d [C]^c$

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академия» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 11 беті

Тепе – теңдік жағдайында $v_1 = v_2$ тең, яғни тұра және кері реакциялардың жылдамдықтары өзара тең.

$$\frac{K_1}{K_2} = K_{T-T} = \frac{[D]^A [C]^c}{[A]^a [B]^B}$$

K_{T-T} тепе – теңдік түрақтысы деп атайды. Ол химиялық тепе – теңдіктің сандық түрғыдағы сипаттамасы. Ол әрекеттесу заттардың табигатына және температураға тәуелді, бірақ әрекеттесуші заттардың концентрациясынан және катализатордан тәуелді емес. Себебі, катализ бір және сол шамаға әрі тұра реакцияның, әрі кері реакцияның бірдей жылдамдатады.

Ле – Шателье принципі


Әрекеттесуші заттардың концентрациясы, температурасы мен қысымы өзгерген кездеңі химиялық тепе – теңдіктің ығысу бағытын **Ле – Шателье принципі** анықтайды.

А) реагенттер біреуінің **концентрациясын** жоғарылату тепе – теңдікті тұра реакция жағына ығыстырады; реагенттер біреуінің концентрациясын төмендету тепе – теңдікті кері реакция жағына ығыстырады;

В) **Температураны** көтергенде тепе – теңдік эндотермиялық реакция жағына; ал температураны төмендеткенде экзотермиялық реакция жағына ығысады.

С) **Қысымды** жоғарылату тепе – теңдікті газ молекуласы санының азаю жағына қарай; қысымды төмендету тепе – теңдікті газ молекуласы санының көбеюі жағына қарай ығыстырады.

Мысалы, $3H_2 + N_2 \leftrightarrow 2NH_3$ реакциясын қарастырайық



Сонда қысымды көтерген кезде тепе – теңдік реакция өнімі жағына қарай ығысады, ал қысымды төмендеткен кезде тепе – теңдік бастапқы заттар жағына қарай ығысады.

Д) Егер газ түріндегі заттар реакциясындағы молекула саны өзгеріссіз болса, онда **қысым** сол жүйеге ықпал етпейді.

Мысалы, $Fe_2O_3(\text{к}) + 3H_2(\text{г}) \leftrightarrow 2Fe(\text{к}) + 3H_2O(\text{г})$

Гетерогенді тепе – теңдікті жүйедегі, тұра және кері реакция жүрген кездеңі түзілетін газ түріндегі заттардың саны бірдей болғандықтан, қысым өзгерісі тепе – теңдіктің ығысуына әкелмейді.

Е) Тепе – теңдіктің ығысуына **катализатор** ықпал етпейді, себебі ол тұра реакцияны да, кері реакцияны да бірдей жылдамдатады.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

- Химиялық реакциялардың жылдамдығы үғымына анықтама беріңіздер.
- Химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар.
- Химиялық реакциялардың жылдамдығының температураға тәуелділігі қай заңмен сипатталады?
- Ле- Шателье принципіне түсінік беріңіздер.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 12 беті

5.1. Тақырыбы №6. Ерітінділер туралы ілім.

5.2. Мақсаты: Білім аушы ерітінділер құрамын дұрыстап анықтай алу үшін концентрацияның массалық үлестің формуласын білуі керек.

5.3. Оқыту міндеттері: Массалық үлес формуласымен есептер шығару.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Химиялық реакциялардың жылдамдығының концентрацияға тәуелділігі қай занмен сипатталады?

2. Катализатор үғымына түсінік беріңіз.

3. Химиялық реакциялардың жылдамдығына қысым қалай әсер етеді?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас.

Теориялық бөлімі

Ерітінді – гомогенді жүйе, ол екі және одан да көп өзара тәуелсіз құрамдастардан тұрады.

Ерітінділердің агрегаттық күйі бойынша жіктеуі:

Сұйық ерітінділер – мұхиттың, теніздің, өзеннің сулары, дәрілік ерітінділер;

Газ түріндегі ерітінділер – ая, эфир мен оттектің буы, демалу және тамыр қозғалту орталықтарын қоздыру үшін пайдаланылатын карбон (CO_2 және O_2 қоспасы);

Қатты ерітінділер – металдардың қорытпасы, қатты тұздар қоспасы

Ерітінділерді еріген заттардың бөлшек өлшемі бойынша нағыз ерітінділерге (молекулалық деңгейдегі-қышқылдар ерітінділер), коллоидтық ерітінділерге (оның бөлшектерін микроскоппен көруге болады) жүзгіндерге ірі дисперсті ерітінділерге суспензиялар, эмульсия (майшытқа) бөледі.

Ерітіндінің құрамын өрнектей көрсету әдістері.

Ерітінділерді еріткіште еріген заттардың саны бойынша **концентренген (қоюланған) және сұйытылған (сұйық) деп** бөледі. Ерітіндінің құрамын дәл анықтау үшін концентарацияның мәнін дәл көрсету жолдарын пайдаланады:

Еріген заттың **массалық үлесі** – ω – берілген ерітілген зат массасының ерітіндінің жалпы массасына қатынасы және ол массалық бірлікті немесе пайызбен % өлшенеді:

$$\omega = \frac{m_{\text{зат}}}{m_{\text{ер-ді}}} \cdot 100\%$$

$$m_{\text{ер-ді}} = V \cdot \rho \text{ г/мл}$$

$$m_{\text{ер-ді}} = m_{\text{зат}} + m_{\text{еріткіш}}$$

Молярлық концентрация (C_m) ерітіндінің белгілі көлеміндегі ерітілген заттың мольдер санын көрсетеді:

$$C_m = \frac{m}{M} \cdot V$$

Эквиваленттің молярлық концентрациясы немесе, **нормалдық концентрация** (C_n) деп аталатын ол, ерітіндінің белгілі көлемдегі ерітілген зат эквивалентінің санын көрсетеді:

$$C_n = \frac{m}{M} \cdot V \cdot f$$

Мольдік концентрация (C_m) 1000г (немесе 1 кг) еріткіштегі ерітілген заттың мольдер санын көрсетеді:

$$C_m = \frac{m}{M} \cdot m_{\text{еріткіш}}$$

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Ерітінділер дегеніміз не?
2. Ерітінділер агрегаттық күйіне байланысты қандай түрлерге бөлінеді?
3. Массалық үлес дегеніміз не?
4. Молярлық және нормальдық концентрацияның формуласын жазыңы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 13 беті

5.1. Тақырыбы №7. Электролиттік диссоциация теориясы.

5.2. Мақсаты: электролиттік диссоциация теориясы білуі керек.

5.3. Оқыту міндеттері: оствальдтың сұйылту заңы. Сутектік көрсеткіш анықтау.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ерітінділер дегеніміз не?
2. Ерітінділер еріген заттың мөлшеріне байланысты қандай түрлерге бөлінеді?
3. Массалық үлес, молярлық және нормальдық концентрацияның формуласын жазыңыз.


5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шыгару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Иондарға жақсы ыдырайтын заттар, осының салдарынан тоқты жақсы өткізетіндер **электролиттер** деп аталады. Иондарға нашар ыдырайтын және электрлік тоқты өткізбейтін заттарды **бейэлектролиттер** деп атайды, ал әлсіз электролиттер болса, олар да иондарға нашар ыдырайды.

Қышқылдар деп, Аррениус теориясына сәйкес диссоциация кезінде сутектің катионына H^+ және қышқыл қалдығына (анионына) бөлінетін, заттарды айтады. **Негіздер** деп аталағын заттар, диссоциация кезінде гидроксил анионына OH^- және металл катионына бөлінеді. **Тұздар** деп аталағын заттар, диссоциация кезінде металл катионына және қышқылдық қалдықтың анионына бөлінетіндер.

Мысалы, сірке қышқылының CH_3COOH электролиттік диссоциация үдерісін қарастырайық:



Бұл үдеріс қайтымды, онда тепе-тендік орнайды, оған химиялық тепе-тендік заңын қолдануға болады:


$$K_d = \frac{[CH_3COO^-][H^+]}{[CH_3COOH]}$$

мұндағы $[CH_3COO^-]$ және $[H^+]$ -диссоциацияланған иондардың молярлық концентрациялары; $[CH_3COOH]$ -диссоциацияланбаған молекулалардың концентрациясы.

Диссоциация дәрежесі диссоциация үдерісінің басқа сапалық бағасы болады. Ерітіндіге енгізілген, иондарға диссоциацияланған, молекулалар санының (n) электролиттің жалпы молекуласының санына (N) қатынасын электролиттік диссоциация дәрежесі деп атайды да, оны « α »-альфамен белгілейді:

$$\alpha = \frac{n}{N}$$

Диссоциация тұрақтысы мен дәрежесі сандық тұрғыдан өзара байланысқан. Берілген КА электролитінің бастапқы концентрациясы $C -$ тең, ал диссоциация α болса, онда тепе-тендік сәтіндегі теңдеу болмақ:



Молекулалардың иондарға ыдыраған кезіндегі катион K^+ және анионның A^- концентрациясы $\alpha \cdot C -$ тең болады, ал диссоциацияланбай қалған молекулалардың концентрациясы $(1 - \alpha) \cdot C$ тең, бұдан

$$K_d = \frac{[K^+][A^-]}{C} = \frac{\alpha \cdot C \cdot \alpha \cdot C}{C} = \frac{\alpha^2 C}{C}$$

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 14 беті

$$[KA] \quad (1 - \alpha) \cdot C \quad 1 - \alpha$$

$$K_d = \frac{\alpha^2 C}{1 - \alpha} \quad (1)$$

$$[H^+] [OH^-] = 1,8 \cdot 10^{-16} \cdot 55,4 = 10^{-14} = K_w$$

Мұны K_w судың иондық көбейтіндісі деп атайды.

Сутектік көрсеткіш $pH = -\lg[H^+]$

Гидроксидлі көрсеткіш $pOH = -\lg[OH^-]$

$$pH + pOH = 14$$

$pH > 7$ сілтілік орта

$pH < 7$ қышқылдық орта

$pH = 7$ бейтарап орта

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Оствальдтың сұйылту заңы.
2. Диссоциацияның тұрақтысы мен дәрежесінің мәндері қандай факторларға тәуелді?
3. Судың иондық көбейтіндісі деп нені айтады?
4. Сутектік көрсеткіш нені көрсетеді?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 15 беті

5.1. Тақырыбы №8. Тұздар гидролизі.

5.2. Мақсаты: Өтетін тұздардың суда еру механизмін гидролиз негізінде түсіну.

5.3. Оқыту міндеттері: Тұздар гидролизі және оның өту жолдарын білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Диссоциацияның тұрақтысы мен дәрежесіне түсінік берініз.
2. Сутектік көрсеткіш нені көрсетеді?
3. Оствальдтың сұйылту заңының формуласы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шыгару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Ерітілген тұздар иондарының судың иондарымен өзара әрекеттесуін **гидролиз** деп атайды. Гидролизге бейорганикалық сияқты (металдардың тұздары, карбидтері, нитридтері) заттар да, органикалық (эфирлер, майлар, көмірсулар, белоктар) сияқты заттар да түседі.

Су мен тұздардың алмаса ыдырау процесі әлсіз электролиттердің бейтарапты молекулаларының түзілуімен қатар жүретіндерді **тұздардың гидролизі** деп атайды.

Тұздар – ол қышқылдар мен негіздердің әрекеттесу өнімдері деп қарастыруға болады. Тұздар олардың диссоциация дәрежесіне тәуелділікте түзілуі мүмкін. Тұздардың құрамына қарай олардың гидролизі не толық, не ішінәра жүреді не жүрмейді:

1. *Күшті негіз және күшті қышқылдың тұздары суда ерігенде гидролизденбейді, өйткені қиын диссоциацияланатын бөлшектер немесе әлсіз электролит молекулалары түзілмейді.* Мысалы K^+ , Ca^{2+} , Na^+ катиондарына, Cl^- , NO_3^- аниондарына қатынасты, яғни күшті негіздер мен күшті қышқылдардың тұздары гидролизге түспейді. Бұл тұздардың ерітінділері бейтарапты, $pH=7$. Мұндай тұздардың иондары судың H^+ және OH^- иондарымен аз диссоциацияланған қосылыштарды түзбейді.

2. *Күшті негіз және әлсіз қышқылдың тұздары анион бойынша гидролизге түседі.*



Мысалы Na_2CO_3 , K_2S , $MgCO_3$, KCN , $Ca_3(PO_4)_2$, KJ , $NaNO_2$, сілтілік металдардың цианидтері, карбонаттары, бораттары.

1. a) $KCN + HOH \leftrightarrow KOH + HCN$
- b) $CN^- + HOH \leftrightarrow OH^- + HCN$
2. a) $NaNO_2 + HOH \leftrightarrow NaOH + HNO_2$
- b) $NO_2^- + HOH \leftrightarrow OH^- + HNO_2$

Судың диссоциация тепе-тендігі оңға қарай ығысады, аз диссоциацияланатын қышқылдар (HCN , HNO_2) түзіледі. Орта OH^- иондарының жинақталуы есебінен ($pH > 7$) сілтілі болады.


3. Әлсіз негіз және күшті қышқылдың тұздары сулы ерітіндіде катион бойынша гидролизденеді.

Мысалы : $ZnCl_2$, $Pb(NO_3)_2$, $SbCl_3$, $Bi(SO_4)_3$, NH_4Cl , яғни әлсіз негіздер мен күшті қышқылдардың тұздары гидролизге түседі.



Тұздың NH_4^+ иондары OH^- иондарымен қосылады да аз диссоцирленген әлсіз негіз NH_4OH түзіледі, нәтижеде тепе-тендік оңға ығысады, ерітіндіде H^+ иондары жинақталады да орта қышқылға айналады $pH < 7$. Негіз әлсіздеу болған сайын, гидролиз толықтау жүреді.

Кейбір жағдайларда, әлсіз негіздер мен күшті қышқылдардан түзілетін тұздардың гидролизі кезінде оксотұздар түзіледі:



ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 16 беті

Бұл бағыт жалпы күткен бағыттың

$\text{SbCl}_{3(\text{K})} + 3\text{H}_2\text{O} \leftrightarrow \text{Sb}(\text{OH})_3 + 3\text{HCl}$ орнына (бірінші үдеріс), келесідей $\text{SbCl}_3 + \text{HOH} \leftrightarrow \text{SbOCl} + 2\text{HCl}$ үдерісі (екінші) жүреді.

4. Әлсіз негіз және әлсіз қышқылдың тұздары катион бойынша да, анион бойынша да бір мезетте гидролизденеді. Гидролиздің бұл типі әлсіз негіздер мен әлсіз қышқылдардан, түзілетін тұздарға тән: $\text{Al}(\text{CH}_3\text{COO})_3$, $\text{Ni}(\text{NO}_3)_2$, NH_4NO_2 , $(\text{NH}_4)_2\text{S}$ және т.б.

- 1) $\text{NH}_4\text{NO}_2 + \text{HOH} \leftrightarrow \text{NH}_4\text{OH} + \text{HNO}_2$
 $\text{NH}_4^+ + \text{HOH} \leftrightarrow \text{NH}_4\text{OH} + \text{HNO}_2$
- 2) $\text{CH}_3\text{COONH}_4 + \text{HOH} \leftrightarrow \text{NH}_4\text{OH} + \text{CH}_3\text{COOH}$
 $\text{CH}_3\text{COO}^- + \text{NH}_4^+ + \text{HOH} \leftrightarrow \text{NH}_4\text{OH} + \text{CH}_3\text{COOH}$

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Тұздар және олардың жіктелуі
2. Тұздар гидролизі және оның өту жолдары
3. Тұздардың әр түрлі типтері және олардың әрқайсысы гидролизге ұшырауы. $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$; K_2SO_3 ; NH_4CN , NaCl , KNO_3 , ZnCl_2 , $\text{NH}_4\text{CH}_3\text{COO}$, Na_3PO_4 тұздарының гидролиз реакциясын жазыңыз.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 17 беті	

5.1. Тақырыбы №9. Металдарға жалпы сипаттама. S – элементтер. IА және IIА топшасына жалпы сипаттама.

5.2. Мақсаты: Студент сутегі, оттегі, s-элементтерінің электрондық құрылыштарын және олардың қосылыштардың қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: s-элементтердің электрондық конфигурациясын анықтау. Металдарға жалпы сипаттама.




5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Тұздар және олардың жіктелуі.
 2. Тұздар гидролизі және оның өту жолдары
 3. Тұздардың әр түрлі типтері және олардың әрқайсысы гидролизге ұшырауы. $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$; K_2SO_3 ; NH_4CN , NaCl , KNO_3 , ZnCl_2 , $\text{NH}_4\text{CH}_3\text{COO}$, Na_3PO_4 тұздарының гидролиз реакциясын жазыңыз.
- 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас



Теориялық бөлімі

Көміртек, сутек, оттек, азот, фосфор, күкірт- тірі организмнің негізгі органикалық қосылыштары осы элементтердің атомдарынан тұрады: белоктар, көмірсулар, липидтер, нуклеин қышқылдары, аминқышқылдары, оларды - **органогендер** деп атайды. Бұлардан басқа, организмнің **электролиттік фонын** (аясын) жасаушы элементтер де бар, оларға жататындар: **кальций, калий, натрий, хлор, магний, фтор, темір**. Элементтердің бұл тобы адам организмі массасының 99% құрайды және оларды **макроэлементтер** деп атайды. **Сутегі.** Химиялық таңбасы **H**, реттік нөмірі 1, бейметалл. Ол өзінің қосылыштарына +1 және -1 тотығу дәрежесінде болады. Металлармен қосылышындағы тотығу дәрежесі -1. Сутекті әдетте ЭПЖ 1 топқа да VII (жақшаш ішінде) топқа да орналастырады.


Химиялық қасиеттері. Ең белсенді металдар, ауада тотығады:




+1 -1




IIА топтың элементтері




Жоғары температура кезінде азотпен өзара әрекеттесіп, нитридтерді тұзеді:



Берилій сумен өзара әрекеттеспейді. Магний тек ыстық сумен ғана өзара әрекеттеседі:



Қышқылдармен өзара әрекеттеседі:



ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 18 беті

$$\begin{array}{ll} \text{Ca} - 2\bar{e} = \text{Ca}^{+2} & 4 \\ \text{N}^{+5} + 8\bar{e} = \text{N}^{-3} & 1 \end{array}$$

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. s-элементтердің электрондық конфигурациясын көлтіріндер де нұсқау көрсетіндер.
2. IA топтың элементтері.
3. IIА топтың элементтері.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 19 беті

5.1. Тақырыбы №10. d - элементтерге жалпы сипаттама. Мыс, мырыш, темір, хром. Қазақстандағы мыс, мырыш, темір, хромның кен орындары, коррозия.

5.2. Мақсаты: d – элементтерін және олардың қосылыстарын сипаттайтын қасиеттерінің теориялық негіздерін білу тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Қазақстандағы мыс, мырыш, темір, хромның кен орындары және коррозия.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. d – элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. IА топтың элементтері және химиялық қасиеті.
3. IIА топтың элементтері және химиялық қасиеті.



5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі


d-элементтердің жалпы сипаттамасы.

d-элементтер атомдарының басым көшілігі ауыспалы тотығу дәрежесі бар иондарды түзеді, олар үшін төменгі тотығу дәрежесі +2 мен жоғары тотығу дәрежесі тән, элемент орналасқан топтың нөміріне сәйкес. Әртүрлі тотығу дәрежесін көрсету қабілеті d-элементтің тотықтыруышы және тотықсыздандыруышы қасиеттерін жағдайластырады, сол сияқты олардың оксидтері мен гидроксидтерінің қышқылды-негіздік функциялары өзгереді. d-элементтердің қосылыстары координациялыққа жатады, олардың арасында әртүрлі кешендік қосылыстар бар.

VI В тобының элементтері. Хром жай заттың және оның қосылыстарының қасиеттері. Хромға тән тотығу дәрежесі: төменгі +2 және жоғарысы +6, +3.




Негіздік оксидтерді CrO




Негіздік гидроксид Cr(OH)₂

VIII В топ элементтерінің химиясы



Темір +2, +3, +6

кобальт және никель +2, +3





Концентрленген күкірт қышқылының ерітіндісіндегі темір (III) дейін тотығады:



Темір (III) гидроксиді - Fe(OH)₂ гөрі, әлсіздеу, негіз. Сондықтан, оның (III) тұздары күшті гидролизденеді,




Темір (III) кешендік қосылыстарының арасындағы маңыздысы K₃[Fe(CN)₆] – қызыл «қанды» тұзы,



темір роданидінің Fe(CNS)₃ қосылысын қан-қызыл түсін түзеді.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 20 беті



ал концентрленген күкірт қышқылы- күкірт (IV) оксидіне дейін:



Мыс оксиді Cu₂O – қызыл түсті



Cu₂O әлсіз негіздік қасиет қөрсетеді, суда ерімейді

Мыс оксиді CuO қара түсті



Бұл оксидке Cu(OH)₂ гидроксиді сәйкес келеді, CuSO₄ + 2NaOH = Cu(OH)₂ + Na₂SO₄;

Cu(OH)₂ –көк-көгілдір түсті.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. d-элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Мыс пен мырыш элементтері және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
3. Темір мен хром элементтері және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 21 беті

5.1. Тақырыбы №11. Р – элементтерге жалпы сипаттама. Алюминий және оның қосылыштары.

5.2. Мақсаты: р – элементтерін және олардың қосылыштарын сипаттайтын қасиеттерінің теориялық негіздерін білу тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Р – элементтерге жалпы сипаттама бере отырып, пікірталас үйымдастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. d-элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Мыс пен мырыш элементтері, химиялық қасиеті.
3. Темір пен хром элементтері, химиялық қасиеті.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Көптеген р-элементтері өсімдіктердің және жануарлар ағзаларының қалыпты тіршілік етуі үшін қажет, мысалы бор, көміртек, азот, фосфор, оттек, құқірт, фтор, хлор, иод және т.б.

Бор жануарлардың ағзасында, сүйегінде, тіс кіреуекесінде және басқа мүшелерінде болады. Алайда ағзадағы бор қосылыштарының құрамы белгісіз. Бордың артық мөлшері бүйректің, орталық жүйке жүйесінің жаралануына, тамақ қорытуды (ферменттер бейбелсенділінеді) бұзуга әкеледі. Ағзасында бор артық болған кезде B_2 және B_{12} витаминдері дарымай қалады. Бор жетіспеген кезде өсімдік ағзасындағы көмірсулық алмасу баяулайды.

Көміртек өзінің электрондық құрылымының арқасында биомолекуланың қанқасын қалыптастырады, осы тұста бұл көмір – көміртек тұрақты коваленттік байланысты, сол сияқты басқа элементтермен де (O, H, N, S, және т.б.).

Алюминий. Алюминий химиясының ерекшеліктері.

Периодтық жүйенің III тобында орналасқан типтік элемент – алюминий – бірінші және ең жеңіл р-металы болып келеді, оның электрондық формуласы $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^1$. Бормен салыстыру бойынша алюминийдің атомдық массасы ұлken, ал иондану потенциалы кіші; демек, металдық қасиеті өседі. Алюминийдің бейметалл бордан өзгешелігі сол, ол екіұдайлық-амфотерлік. Айталақ, металдық алюминий және оның гидроксиді қышқылдарда да, сілтілерде де ериді, ал алюминий (III) кешенді катиондарды және ацидокешендерді түзеді.

Алюминийдің химиясы үшін оның оттекте үлкен ынтықтылығының орны мен маңызы аса ерекше.

Алюминийдің табиги қосылыштары. Алюминий – жерде ең көп тараған элементтердің (8,8%) бірі, ол оттек пен кремнийден кейінгі тараулы бойынша үшінші орынды алады. Алюмосиликаттардан басқа алюминий табигатта $KAl(SO_4)_2 \cdot 2Al(OH)_3$ (алунит), $Na_3[AlF_6]$ (криолит), $Mg[Al_2O_4]$ (шпинель) түрінде кездеседі, сол сияқты оксид және оның гидраттық формасында.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. р-элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Алюминий және олардың қосылыштарының химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 22 беті

5.1. Тақырыбы №12. Бейметалдар және олардың қосылыстары. IVA топшасы. Көміртек, кремний және олардың қосылыстары.

5.2. Мақсаты: бейметалдар және олардың қосылыстарының қасиеттерінің теориялық негіздерін білу тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: көміртек және олардың қосылыстарының химиялық қасиетін анықтау.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. р-элементтердің электрондық конфигурациясы.

2. Алюминий және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.


5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

IV A топшасына жататын р-элементтері: көміртек, кремний, германий және қорғасын. Олар әдette барлық төрт немесе екі электрондарын пайдалана отырып коваленттік байланыс түзеді. Қыздырылмаған күйіндегі сыртқы денгейінде s^2p^2 төрт электрон орналасады, ондағы р-электрондары жұптаспаған, қоздырылған күйіндегі барлық төрт электрон s^1p^3 да жұптаспаған.

Көміртек. Көміртек IV A топша элементтерінің арасында ерекше жағдайда болады, өйткені ол сол жағындағы бөліктегі орналасқан, электрлік оң элементтермен және оң жағындағы бөліктегі орналасқан, электрлік теріс элементтердің арасында орналасқан.


Көміртектің оттекті қосылыстары. Көміртек (II) оксиді CO оттек жетіспеген кездегі ауда көміртек қыздырылған тұста алынады:



Оны техникада қатты қыздырылған көмір қабаты арқылы көміртек (IV) оксидін өткізген кезде алады:




Зертханаларда көміртек (II) оксидін суды тартып алатын қабілеті бар, күкірт қышқылымен құмырсқа қышқылы өзара әрекет еткен кезде алады:




Кремний - елі табиғаттағы ең көп таралған химиялық элемент. Ол жер қыртысының қатты қабатының, минералдар мен жыныстарының құрамына енеді.

Силикаттардың ішіндегі ең көп таралғаны алюмосиликаттары-каолин-ақсаз $Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 \cdot 2H_2O$, асбест-талшықтас $CaO \cdot 3MgO \cdot 4SiO_2$, ортоклаз $K_2O \cdot Al_2O_3 \cdot 6SiO_2$.

Металдық калиймен газ түріндегі кремний тетрафторидін тотықсыздандырған кезде аморфты (борпылдақ) кремний алынады:




Сол сияқты кремний оксидін магниймен немесе алюминиймен тотықсыздандыру арқылы алады:




Кремний (IV) оксиді SiO_2 . Кварцта – молекулалар жоқ, өйткені өзінше кеңістіктік қаңқа (каркас) – о- химиялық байланысы есебінен түзіледі. Мінеки осылайша, кварцтың кез келген шағын бір түйірі жалпы формуласы (SiO_2)н болатын полимер кереметтей алып бір молекула сияқты болып келеді.

SiO_2 суда мұлдем ерімейді. Оған қышқылдардың арасынан тек балқығыш қышқыл ғана әрекет етеді:



Сілтілермен SiO_2 өзара әрекеттеседі де кремний қышқылының тұзын – силикаттарды түзеді:

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 23 беті



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. IVA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Көміртек және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
3. Кремний және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 24 беті

5.1. Тақырыбы №13. VA топшасы. Азот, фосфор және олардың қосылыстары.

5.2. Мақсаты: VA топшасы элементтерінің химиялық қасиеттерін білуі тиіс.


5.3. Оқыту міндеттері: Азот және олардың қосылыстарының химиялық қасиетін анықтау.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- IVA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
 - Көміртек және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
 - Кремний және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
- 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шыгару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Д.И. Менделеев кестесінің VA тобының элементтеріне типтік элементтер – азот N, фосфор P және мышьяк топшасының элементтері – мышьяк (кушән) As, сурьма Sb, висмут Bi. Олардың s^2p^3 -электрондары валенттілік болмак:



Азот атомының валенттік төрт орбитальдері (қатпарлары) sp -, sp^2 -, sp^3 -бұдандақтан күйінде бола алады, координациялық сандары 2,3,4 мәндерін қабылдай алады.

Азоттың физикалық және химиялық қасиеттері. Азот- түссіз де іїссіз газ. Электрондық қабаттардың нашар майысуы – деформациялануы салдарынан балқу және қайнау температуралары төмен (тиісінше - 210°C және -196°C). Азот суда және органикалық еріткіштерде нашар ерімталады.

Азоттың оксиді N_2O_3 қатты күйінде (100°C – төменде) болады.


NO және NO_2 екеуінің эквимолярлық мөлшерін - санын салқындау арқылы N_2O_3 алады. Ал қажетті құрамындағы қоспаның біртекті ағымы күшән-мышьяк (+3) оксидімен 50%-ды азот қышқылын өзара әрекеттестірген кезде алынады:




Азот (+3) оксидіне тек ерітіндіде ғана белгілі тұрақсыз **азотты қышқыл HNO_2** жауап береді. Оны NO және NO_2 тең көлемдерін суда ерітіп алуға болады:




NO_2 сақтаған және қыздырған кезде, ол бөлшектенеді – диспропорцияланады:





Ол үшін басымдау тотықтырғыштық қасиет тән:




Бірақ та құшті тотықтырғыштар азотты қышқылды азот қышқылына ауыстырады:



Фосфордың оттектік қосылыстары. Фосфор ауада оттекпен өзара әрекеттескен (totyққан) кезде радикал PO^\cdot - фосфорил – және жеке атом түріндегі оттек алынады, ол оттек молекуласымен қосылып O_3 түзіледі. Тотығу үдерісі жарық шығарумен (жарқыраумен) қатар жүреді:




Фосфор жанған кезде фосфор (V) оксиді түзіледі:



ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 25 беті

Фосфордың маңызды оксидтеріне P_2O_5 және P_2O_3 жатады. Бұл қосылыстардан басқа да қосылыстар – P_2O_4 белгілі, оны алдыңғы екі оксидтердің қоспасы ретінде қарастыруға болады.

Фосфор (III) оксиді немесе фосфорлы ангидрид P_2O_3 фосфорды баяу тотықтырган кезде, немесе оттек жетіспеген кездегі фосфор жанғанда алынады:




Бұл оксид әк кристалдар түрінде болып келеді, полиморфты. PO_3 пирамидалық құрылымдық бірліктен тұрғызылған, бірнеше модификация түрінде болады. Ол газ түрінде P_4O_6 формулаға жауап беретін модификациясы түрінде болады.

Су әрекет еткенде P_2O_3 онымен өзара баяу әрекеттесіп H_3PO_3 фосфорлы қышқылы түзіледі:



Сілтілермен реакцияда тұз түзіледі:



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. VA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Азот және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
3. Фосфор және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 26 беті

5.1. Тақырыбы №14. VIA топшасы. Оттек және күкірт. Олардың қосылыстары.

5.2. Мақсаты: VIA топшасы элементтерінің химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Оттек және күкірт олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін ажырату.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. VIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясы.
2. Азот және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
3. Фосфор және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

ЭПЖ VI A топшасының р-элементтеріне типтік элементтер- оттек (O_2), күкірт (S) және селен топшасының элементтері - селен (Se), теллур (Te), полоний (Po) жатады. Элементтерге тән тотығу дәрежелері –2 ден +6-ға дейін өзгереді. VIA топша элементтері химиялық қасиеттері бойынша полонийден басқалары – бейметалдар. O–S–Se–Te–Po қатарындағы атом радиустарының өсуі және оған сәйкестікте иондану энергиясының азаюы бейметалдық қасиеттерінің әлсіреуіне және металдық қасиеттің (Po) пайда болуына әкеледі.

Күкірт қышқылы – түссіз, майлы сұйықтық, ол $+10,6^{\circ}\text{C}$ температура кезінде кристалдық массаға қатаяды. Таза 100%-дық күкірт қышқылы (моногидраты) электрлік ток өткізбейді, тығыздылығы – $1,836\text{г}/\text{см}^3$ шамасында.

Күкірт қышқылы – екі негізді күшті қышқыл. Саудаға түсетін концентрлік күкірт қышқылының тығыздылығы – $1,87\text{ г}/\text{см}^3$ және 98% шамасындағы моногидраттан тұрады. Мұндай қышқыл 338°C кезінде ешбір өзгеріссіз қайнайды.

Көптеген сульфаттар түссіз, жақсы кристалданады, суда жеңіл ериді. CaSO_4 нашар ериді, SrSO_4 , PbSO_4 және BaSO_4 одан да нашар ериді. Көптеген сульфаттардың құрамында кристалданған су болады: глаубер тұзы $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$, гипс $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, алебастр $2\text{CaSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$, мыс купоросы 44999

Күкірт қышқылы қос тұздарды түзеді, оларды квасцы-ашудастар деп атайды: $\text{KAl}(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$; $\text{KCr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. VIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
2. Оттек және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
3. Күкірт және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 27 беті

5.1. Тақырыбы №15. VIIA топшасы. Галогендер.

5.2. Мақсаты: VIIA топшасы элементтерінің химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Галогендердің биологиялық рөлі және медицина мен фармацияда қолданылуын ажырату.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:


- VIIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясы.
- Оттек және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
- Күкірт және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі


ЭПЖ жетінші топтың басты топшасына F, Cl, Br, I және At элементтері жатады, олар галогендердің түзеді, осындағы «галоген» сөзі «тұзтудыруышы» деген ұғымды береді. Бұл элементтер металдармен өзара әрекеттескен кезде типтік тұздарды (KF, NaCl, KCl, NaBr, KI және т.б.) тұзуге қабілетті.

Бұл элементтердің атомындағы сыртқы деңгейдің ns^2np^5 электрондары келесідей тарала орналасады:



Барлық элементтердің атомдарында бір-бірден жұптаспаған электрондар бар, бұл олардың типтік бейметалдық қасиеттерін анықтайды. Ең күшті электртерістілікті элемент болып келетін фтор, өзінің қосылыстарында әрқашан -1 тотығу дәрежесінде болады.

Галогендердің сутекпік қосылыстары. Олар HF, HCl, HBr, HI, HAt сутекпен галогендердің тікелей қосылуы кезінде түзіледі:



Фтормен F₂ жүретін реакциясы қопарылыспен (тіпті қараңғыда және төменгі температура кезінде де) өтеді, ал хлормен Cl₂ жарық әсер еткенде жүреді. Бром Br₂ сутекпен H₂ біршама баяу әрекеттеседі де, ал J₂ және астатпен At₂ тек қыздырған кезде ғана жүреді. Фторсүтек пен HF иодсүтекке HI қарай галогенсүтектердің НГ изобаралық түзілу потенциалдары кішірейеді

Галогендердің оттекті қосылыстары. Галогендер оттекпен тікелей өзара әрекеттеспейді. Бұл байланыстардың әлсіздігімен және мұндай қосылыстардың түзілу стандарттық изобаралық потенциалдарының оң мәндерімен түсіндіріледі. Фтордан басқа галогендер оттекті қосылыстарда +1 дең +7-ге дейінгі тотығу дәрежесін көрсетеді.

Галогендердің биологиялық рөлі және медицина мен фармацияда қолданылуы. Галогендер тірі ағзада тек қосылыс түрінде ғана кездеседі. Фторсүтектермен тіс кіреуекесінің құрамына енеді. Егер фтор тұздары ағзага жетіспесе, онда тіс кариесі дамиды, ал фтор артық болса, онда күллі ағза зардап шегеді де, сүйек құрылымы зақымданады (флюороз).

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

- VIIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
- Хлор және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
- Фтор және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
- Йод және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 28 беті

5.1. Тақырыбы №16. Бейорганикалық химия курсы бойынша білім деңгейін корытындылау.

5.2. Мақсаты: студент өткен тақырыптарды толық білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: бейорганикалық элементтердімен танысып есептер шығару.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1.Химиялық элемент, атом, молекула ұғымына түсінік беріңіз.
- 2.Химиялық және физикалық құбылыстарға түсінік беріңіз.
- 3.Химиялық формула және теңдеулер дегеніміз не?
- 4.Молярлық масса және молярлық көлемге түсінік беріңіз. Мысал келтіріңіз.
5. Атом құрылсы. Төрт квант санына түсінік беріңіз.
6. ЭПЖ. Үлкен және кіші периодтардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
7. Нөмері 15- элементтің электрондық формуласын жазыңыз.
8. «Р» және «Zn» атомдарының электрондарын энергетикалық деңгейге орналастырыныз.
9. Валенттілік және тотығу дәрежесіне түсінік беріңіз.
10. Формуладағы элементтердің валенттілігін анықтаңыз: Na_2O , BaO , K_2S , H_2SO_4 .
11. Реакция теңдеуін құрыңыз: $\text{Mg} \rightarrow \text{MgO} \rightarrow \text{Mg(OH)}_2 \rightarrow \text{MgSO}_4$
12. Оксидтер мен негіздер дегеніміз не?
13. Берілген оксидтердің қайсылары негіздік оксидтерге, қайсылары қышқылдық оксидтерге жатады: Na_2O , BaO , K_2S , SO_3 .
14. Тұздардың химиялық қасиеті.
15. Ковалентті байланыс және оның түрлері. Мысал келтіріңіз.
16. Берілген заттардағы байланыс түрін анықтап, неге екенін түсіндіріңіз. H_2 , H_2S , N_2 , NaCl .
17. Кристалл торлар түрлері.
18. Химиялық реакциялардың жылдамдығының концентрацияға тәуелділігі қай заңмен сипатталады?
19. Катализатор ұғымына түсінік беріңіз.
20. Химиялық реакциялардың жылдамдығына қысым қалай әсер етеді?
- Химиялық реакциялардың жылдамдығының температураға тәуелділігі қай заңмен сипатталады?
21. Ерітінділер дегеніміз не?
22. Ерітінділер еріген заттың мөлшеріне байланысты қандай түрлерге бөлінеді?
23. Массалық үлес, молярлық және нормальдық концентрацияның формуласын жазыңыз.
24. Диссоциацияның тұрақтысы мен дәрежесіне түсінік беріңіз.
25. Сутектік көрсеткіш нені көрсетеді?
26. Оствальдтың сұйылту заңының формуласы.
27. s-элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
28. IA топтың элементтері және химиялық қасиеті.
29. IIA топтың элементтері элементтері және химиялық қасиеті.
30. d-элементтердің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
31. Мыс пен мырыш элементтері, химиялық қасиеті.
32. Темір пен хром элементтері, химиялық қасиеті.
33. p-элементтердің электрондық конфигурациясы.
34. Алюминий және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
35. IVA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
36. Көміртек және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
37. Кремний және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.

ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 29 беті

38. VIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясы.
39. Оттек және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
40. Күкірт және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
41. VIIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясын жазыңыз.
42. Хлор және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
43. Фтор және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
44. Йод және олардың қосылыстарының химиялық қасиеті.
- 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас
- 5.6. Әдебиеттер:**
- Қосымша 1.**
- 5.7. Үйге тапсырма беру.**

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 30 беті

5.1. Тақырыбы №17. Органикалық химияға кіріспе. А.М. Бутлеровтың химиялық құрылыш теориясы. Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы, изомериясы.

5.2. Мақсаты: студент органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы, изомериясы қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Органикалық қосылыстардың жіктелуі ажырату.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. VIA топшасы элементтерінің электрондық конфигурациясы.
2. Оттек және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.
3. Күкірт және олардың қосылыстарының химиялық және физикалық қасиеті.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Органикалық химия- көмірсұтектердің және оның туындыларын зерттейтін ғылым.

А.М. Бутлеров органикалық қосылыстардың химиялық құрылыш теориясын ұсынды.

Органикалық қосылыстардың химиялық құрылыш теориясының негізгі қағидалары:

1. Органикалық қосылыстардың молекуласына енетін атомдар валенттіліктеріне қарай бір-бірімен белгілі тәртіппен орналасады. Молекуладағы атомдардың бірізділікпен байланысуын химиялық құрылыш деп атайды.
2. Заттардың қасиеті молекуладағы атомдардың табиғатына және санына ғана тәуелді емес, сонымен қатар олар өзара қандай тәртіппен қосылғанына, яғни молекуланың химиялық құрылышына тәуелді болады.
3. Тікелей немесе басқа атомдар арқылы байланысқан молекуланың құрайтын атомдар немесе атомдар тобы, бір- біріне өзара әсері болып, молекуланың реакциялық қабілеттің анықтайтыды.
4. Заттың реакциялық қабілеттің зерттеп, оның құрылышын анықтауга болады, және керісінше заттың құрылышы бойынша оның қасиеті туралы түжірым жасауға болады.



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 31 беті

Тарихи даму кезеңдеріне байланысты үш негізгі номенклатуралық жүйеге жіктелінеді: **тривиалды (көне), рационалды және халықаралық (IUPAC).**

Тривиалды (көне) номенклатура. Органикалық қосылыстарға атаудың берілуі ол кездейсоқ болған. Тривиалды немесе эмпирикалық атау қосылыстардың табиғи алыну көзін (құмырска, лимон қышқылы, несепнәр, индиго, кофеин),

Рационалдық номенклатура. Бұл алғашқы рет затты атау барысында оның құрылышы есепке алынады. Рационалды атаудың негізінде органикалық қосылыстарды гомологтық қатарға жіктеу қағидасы қолданады.

Гомологтық деп қосылыстар қатарының әрбір келесі топ алдыңғысынан CH₂ тобымен ерекшеленуін айтамыз.

Рационалды номенклатураға сәйкес белгілі гомологтық қатардағы ең қарапайым өкілінің туындысы ретінде қарастырады, мысалы алкандарда – метан, алкендерде – этилен, алкиндерде – ацетилен және т.б.



метан



диметилметан



этилен



метилэтилен

Халықаралық номенклатура (IUPAC). Халықаралық номенклатураның негізі 1892 жылы Женевада халықаралық химиктер конгрессінде қабылданды (Женевалық номенклатура). 1930 жылы Лъежада химиктердің X конгресінде бұл номенклатурага толықтырулар енгізіліп, жетілдірілді (льежалық номенклатура) және сонында теориялық және қолданбалы химияның Халықаралық одағының XIX конгрессінде 1957 жылы замануи номенклатураның «IUPAC номенклатурасы» атаву бойынша белгілі ережесі бекітілді.

IUPAC номенклатурасының қағидалары бүкіл әлемнің барлық елдерінде мойындалған және кез-келген органикалық қосылыстарды атауға мүмкіндік береді.

IUPAC номенклатурасы органикалық қосылыстарды атаудың бірнеше нұсқасын қарастырады, соның ішінде кеңінен – орынбасарлық және радикалды-функционалды номенклатура қолданылады.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. А.М.Бутлеровтың теориясы.
2. Органикалық қосылыстардың жіктелуі
3. Номенклатурасы
4. Изомериясы.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 32 беті

5.1. Тақырыбы №18. Алкандар. Циклоалкандар.

5.2. Мақсаты: студент алкандардың гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: алкандар мен циклоалкандардың жалпы формуласын ажырату.

5.4. Тақырыптың негізгі сұраптары:

1. А.М.Бутлеровтың теориясы.
2. Органикалық қосылыштардың жіктелуі
3. Номенклатурасы және изомериясы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Молекулаларында көміртек атомдары жай ковалентті *σ*-байланысы арқылы қосылған алифаттық көмірсутектерді **алкандар** деп атайды.

Алкандардың жалпы формуласы C_nH_{2n+2} . Алкандардағы барлық көміртек атомдары sp^3 -гибридтік күйде және тетраэдрлік конфигурацияға ие болады. Байланыс арасындағы валенттік бұрыштар $109^{\circ}28$ тең.

Алкандар гомологтық қатар құрайды, текbastauышы ретінде метан молекуласы болып табылады. Осы қатардың әрбір гомологы артындағыдан CH_2 тобына (гомологтық айырма) өзгеше болады.

CH_4 метан

C_2H_6 этан

C_3H_8 пропан

C_4H_{10} бутан

C_5H_{12} пентан

C_6H_{14} гексан

C_7H_{16} гептан

C_8H_{18} октан

C_9H_{20} nonан


$C_{10}H_{22}$ декан

НОМЕНКЛАТУРАСЫ

Алкандардың гомологтық қатарындағы алғашқы төрт өкілдері тривиалды атауға ие: метан, этан, пропан, бутан. Келесі қалыпты көміртек тізбегі бар көмірсутектерге молекуладағы көміртек атомдарының санын көрсететін гректің сандық атауына **-ан** жүрнағы қосылып жазылады: пентан, гексан, гептан және т.б.


АЛЫНУЫ

Көміртек (II) оксидін каталитикалық гидрлеу (Фишер-Тропша синтезі). Көміртек (II) оксиді мен сутек қоспасын температура $180\text{-}300^{\circ}\text{C}$ темір немесе кобальт катализаторлары үстінен өткізгенде негізінен 6-10 көміртек атомдарынан тұратын қалыпты құрылышы бар алкандар түзіледі.



Фишер-Тропша синтезі өндірісте жасанды бензин және жеке көмірсутектерді алу үшін қолданады.

Алкендер және алкиндерді каталитикалық гидрлеу. Реакция қалыпты жағдайда Pt, Pd және Ni катализаторларының қатысында жүреді:



Галогеналкандардың металдық натриймен эрекеттесуі. Бұл әдіс Вюрц (1855 ж.) реакциясы деген атпен белгілі, оның негізінде галогеналкандарды (әдетте иодидтер және бромидтер) натрийдің артық мөлшерімен өндөу жатыр.




ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ


Кәдімгі жағдайда алкандардың гомологтық қатарындағы алғашқы төрт өкілдері- газ тәріздес; 5 және 17 көміртек атомдары бар қалыпты алкандар- сұйықтық, келесі гомологтары- қатты заттар. Газ тәріздес және қатты алкандардың ісі болмайды, ал сұйықтары өзіне тән «бензин» иісті болады. Барлық алкандар судан жеңіл және іс жүзінде онда ерімейді.

ХИМИЯЛЫҚ КАСИЕТТЕРИ


1. Жану реакциясы, бұл жағдайда әрқашан су және газ бөлінеді.




- ## 2. Галогендермен реакциясы.




Хлорметан



дих портман




трихпометан



тетрахлорметан

Біртінде өзгеріп тізбек болып табылатын мұндай реакциялар тізбекті реакция деп аталады. Тізбекті реакция теориясын жасап шығуда академик Н.Н.Семенов үлкен еңбек етті, бұл саладағы аса уздік еңбектерінде Нобель сыйлығы берілді.

- 3. Нитрлеу.** Алкандарды сүйықфазалық әдіс арқылы нитрлеу *Коноваловтың реакциясы* (1888) деген атпен белгілі. Бұл реакцияны $110\text{--}140^{\circ}\text{C}$ температурада, қалыпты немесе жоғары қысымда сүйытылған азот қышқылын (10-20%) пайдалану арқылы іске асырады:



5.6. Әдебиеттер:

Косымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Алкандардың жалпы формуласы.
 2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
 3. Физикалық және химиялық қасиеті
 4. Келесі заттардың күрылымдық формуласын жазыңыз:
А) 2 - метилпропан
Б) 1- хлорпропан

ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 34 беті

C) 2,3- диметилпентан

5.1. Тақырыбы №19. Циклоалкандар.

5.2. Мақсаты: студент алкендердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері:

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Алкандардың жалпы формуласы.
2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
3. Физикалық және химиялық қасиеті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі


Циклоалкандар (циклогександер, полиметиндер, цикландар) – бірядролы қаныққан алициклді көмірсутектер.

Жалпы формуласы C_nH_{2n} ($n \geq 3$).


Циклоалкандарға құрылымдық, геометриялық және оптикалық изомерия тән.

Құрылымдық изомерияның негізінде жатыр:

-цикл олишеміне байланысты:



1,1-диметилциклооптан




метилцикlobутан




цикlopентан


Циклдегі орынбасарлардың орналасу тәртібіне қарай:



1,2-диметилциклогексан



1,3-диметилциклогексан



1,4-диметилциклогексан

Циклоалкандардың гомологтық қатары.

C_3H_6 циклопропан

C_4H_8 циклобутан

C_5H_{10} циклопентан

C_6H_{12} циклогексан

C_7H_{14} циклогептан


C_8H_{16} циклооктан

C_9H_{18} циклононан

$C_{10}H_{20}$ циклодекан

АЛЫНУЫ

α,ω -Дигалогеналкандарды металдық натриймен немесе мырышпен әрекеттесуі. Бұл әдіс үш-, төрт- және бесмүшелі циклоалкандарды алуға мүмкіндік беретін Вюрц реакциясының молекулаішіндік нұсқасы болып табылады:




ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ

Кәдімгі жағдайда циклопропан және циклобутан газ түріндегі заттар, циклоалкандар C_5 тен C_{11} дейін сұйық, одан кейінгі өкілдері қатты заттар. Тиісті алкандармен салыстырғанда циклоалкандардың қайнау және балқу температуралары жоғары болады. Барлық циклоалкандар іс жүзінде суда ерімейді.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ

1. Циклоалкандардың алкандармен көп ұқсас қасиеттері бар. Олардың химиялық активтілігі аз өздері жанғыш, олардағы сутегі атомдарының орнын галогендермен алмасады. Циклопропан мен циклобутанның басқа циклоалкандардан айырмашылығы олар қосылу реакциясына түссе алады.



ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 36 беті

Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Циклоалкандардың жалпы формуласы, гомологтық қатары.
2. Номенклатуrasesы
3. Физикалық және химиялық қасиеті
4. 1 моль этан 1 моль хлормен әрекеттескенде қандай қосылыс түзіледі?
 - A. Дихлорпропан
 - B. Хлорпропаг
 - C. Хлорэтан
 - D. Дихлорэтан
 - E. Хлорметан

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 37 беті

5.1. Тақырыбы №20. Алкендер, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

5.2. Мақсаты: студент алкендердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Органикалық қосылыстардың стереохимиясы туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Циклоалкандардың жалпы формуласы, гомологтық қатары.
2. Номенклатуrasesы
3. Физикалық және химиялық қасиеті

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Құрамында қос көміртек-көміртек байланысы бар алифатты көмірсутектерді алкендер деп атайды.

Алкендердің жалпы формуласы C_nH_{2n} . Sp^2 -гиридтік күйде болады. Байланыс арасындағы валенттік бұрыштар 120° тең.

Алкендердің гомологтық қатарындағы текбастаушы ретінде этилен болып табылады, сондықтан оларды «этилен қатарындағы көмірсутектер» деп атайды.

НОМЕНКЛАТУРАСЫ

IUPAC ережесі бойынша алкендердің атауы тиісті алкандардан түзіледі, -ан жүрнағы -ен жүрнағына алмастырылып, көміртек атомдар тізбегіндегі қос байланыстың орны көрсетіледі.



Алкендердің атауын орынбасарлық номенклатура IUPAC бойынша құрастырғанда келесі ережелер орындалады:

1. Қос байланысы бар ең ұзын көміртек тізбегін таңдал алады (басты көміртек тізбегі).
2. Басты тізбектегі көміртек атомдарын қос байланысы жақын жақтан бастап нөмірлейді.

Алкендердің гомологтық қатары.

C_2H_4 этен

C_3H_6 пропен

C_4H_8 бутен

C_5H_{10} пентен

C_6H_{12} гексен

C_7H_{14} гептен


C_8H_{16} октен

C_9H_{18} нонен


$C_{10}H_{20}$ децен

АЛЫНУЫ


Қаныққан спирттерді дегиратациялау. Қаныққан спирттерді минералды қышылдардың-күкірт немесе фосфор- қатысында қыздырғанда су молекуласы және тиісті алкен түзіледі:



Дигалогеналкандарды дегалогендеу. Көршілес көміртек атомдарында галоген атомдары бар дигалогеналкандарға мырыш немесе магнийдің сулы-спирттік ерітіндісімен әсер еткенде екі галоген атомы бөлінеді және алken түзіледі:



Алкандарды дегидрлеу (өндірістік әдіс). 300-500⁰C температурада катализатор қатысында (ұсақ майдаланған никель, хром (III) оксиді Cr₂O₃ және басқа) алкандар сутекті бөліп, алкендер туздеді:



ФИЗИКАЛЬК КАСИЕТТЕРІ

Алкендердің гомологтық қатарындағы алғашқы төрт өкілдері алкандар сияқты қалыпты жағдайда газдар, содан кейінгілері сүйыктықтар (C_5-C_{17}), сосын каттылар.


Барлық алкендер іс жүзінде суда ерімейді, организалық еріткіштерде жақсы ериді.

Тармақталмаған құрылышқа ие алкендердің қайнау температуралары әдетте, көміртек атомдарының тізбектері тармақталған изомерлерінен жоғары болып келеді. Цис-изомерлердің транс-изомерлермен салыстырғанда қайнау температурасы әдетте жоғары, керісінше балқу температурасы тәмен келеді.


ХИМИЯЛЫҚ КАСИЕТТЕРИ

1. Этилен қатарындағы көмірсүтектер қаныққан көмірсүтектегідей жанғыш болып келеді.
 $C_2H_4 + 3O_2 \rightarrow 2CO_2 + 2H_2O$


2. Тотығу реакциясы:




3. Этилен бром суымен әрекеттеседі. Бұл реакция алкендерге тән реакция.



4. Қанықпаған көмірсүтектің қос байланысына катализатордың қатысында (Pt, Ni) сутегі қосыла алады.




5. Қанықпаған көмірсүтектер тек жай заттармен ғана емес, күрделі заттармен де қосып алу реакциясына түседі.



В.Б.Марковников қос байланысы бар және сутегі атомдары көбірек тіркескен көміртегі атомына сутегі қосылатынын, ал сутегі атомдары азырақ тіркескен көміртегі сутегі атомына галоген атомы қосылатынын дәлелдеді. Бұл заңдылық Марковников ережесі деп аталады.

6. Полимерлену реакциясы.



5.6. Элебиеттер:

ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 39 беті

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Алкендердің жалпы формуласы.
 2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
 3. Физикалық және химиялық қасиеті.
 4. Келесі заттардың құрылымдық формуласын жазыңыз:
- A) 2-метил 3-хлорпропен-1
- Б) 2,3-диметилбутен-1
- C) 3,3- диметилпентен-1

ОНГҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 40 беті

5.1. Тақырыбы №21. Алкадиендер

5.2. Мақсаты: студент алкадиендердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Алкадиендердің стереохимиясы туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұраптары:

1. Алкендердің жалпы формуласы.
2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
3. Физикалық және химиялық қасиеті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Құрамында көміртек-көміртек еki қос байланыстары бар алифатты көмірсутектерде алкадиендер деп атайды.

Алкадиендердің жалпы формуласы C_nH_{2n-2} .

Молекуладағы қос байланыстардың өзара және қандай жерде орналасуына байланысты алкадиендерді үш түрге бөледі:

-Кумулденген қос байланысы бар алкадиендер (қос байланыстар бір көміртек атомында орналасқан) $>C=C=C<$. Мұндай қосылыстар аллендер (бұл қатардағы қарапайым өкілі-алленнің $H_2C=C=CH_2$ көне атауы бойынша) деп аталады.


-Қосарланған қос байланысы бар алкадиендер (қос байланыстар бір C-C байланысы арқылы бөлінген) $>C=CH-CH=C<$.

-Оқшауланған қос байланысы бар алкадиендер (қос байланыстар бір және одан да көп sp^3 -гибридтеген көміртек атомдарымен бөлінген)




НОМЕНКЛАТУРАСЫ

IUPAC номенклатурасы бойынша алкадиендердің атауы алкендер сияқты құрылады. Қос байланыстардың болуы диең-жүрнағымен аталады және басты көміртек тізбегінде олардың әрбірінің орындары көрсетіледі:



Кейбір алкадиендерге тривиалды және рационалды атаулар қолданылады:



C_3H_4 пропадиен

C_4H_6 бутадиен

C_5H_8 пентадиен

C_6H_{10} гексадиен

C_7H_{12} гептадиен

C_8H_{14} октадиен


C_9H_{16} nonадиен

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-	72 беттің 41 беті
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау		


C₁₀H₁₈ декадиен

АЛЫНУЫ

Алкандарды және алкендерді каталитикалық дегидрлеу. Бұл әдіс өндірісте 1,3-бутадиенде (дивинил) және 2-метил-1,3-бутадиенде (изопрен) алу үшін кеңінен қолданылады. Реакция алюмохром (Cr₂O₃/Al₂O₃) қоспасынан тұратын катализатор қатысында жүреді. 1,3-Бутадиенде алу үшін мұнайдадыбы бутан-бутендік фракцияны дегидрлеуге ұшыратады:



Изопренді алу үшін мұнайдадыбы изопентан-изопентендік фракцияны дегидрлеуге ұшыратады:



ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ


Диен көмірсутектердің ішінде аса маңыздылары: дивинил және изопрен.

Дивинил – жағымсыз істі, түссіз, сұйық қүйге оқай айналатын газ.



Изопрен – оқай қайнайтын, түссіз сұйықтық. Ол табиғи каучуктың құрамына кіреді.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ


1. Гидрлену реакциясы..




2. Галогендердің қосып алу реакциясы:



3. Гидрогалогендеу реакция.



4. Полимерлену реакциясы.



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Алкадиендердің жалпы формуласы.

2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы

3. Физикалық және химиялық қасиеті

4. Келесі заттардың құрылымдық формуласын жазыңыз:

A) 2-метил пентадиен-1,3

B) 2-этилбутен-1,4

C) 3,3- диметилпентадиен-1,4

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 42 беті	

5.1. Тақырыбы №22. Алкиндер.

5.2. Мақсаты: студент алкиндердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: алкиндердің стереохимиясы туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Алкадиендердің жалпы формуласы.
2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
3. Физикалық және химиялық қасиеті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Құрамында үш еселенген көміртек-көміртек байланыстары бар алифатты көмірсүтектерді **алкиндер** деп атайды.

Алкиндердің жалпы формуласы C_nH_{2n-2} . Sp^3 -гибридтік күйде болады. Байланыс арасындағы валенттік бұрыштар 180^0 тең.


Бұл қатардағы ең қарапайым өкілі ацетилен C_2H_2 , сондыктan алкиндердің жиі *ацетиленді көмірсүтектер* деп атайды.

НОМЕНКЛАТУРАСЫ


IUPAC номенклатурасы бойынша алкиндердің атауын тиісті алкандағы жүрнәкты *анды ин-ге* аудыстыру арқылы құрады және көміртек тізбегіндегі үш байланыстың орнын көрсетеді. Басты көміртек тізбегін үш байланыс жақын орналасқан жағынан нөмірлейді:



ЭТИН



пропин



4-метил-2-пентин

C_2H_2 этин

C_3H_4 пропин

C_4H_6 бутин

C_5H_8 пентин

C_6H_{10} гексин

C_7H_{12} гептин

C_8H_{14} октин

C_9H_{16} нонин

$C_{10}H_{18}$ декин


АЛЫНУЫ

Метаннан ацетиленді алу (**өндірістік әдіс**). Метанды 1500^0C температурада қыздырғанда ацетилен түзіледі:



Кальций карбидінен ацетиленді алу (**өндірістік әдіс**). Кальций карбиді сумен әрекеттескендегі ацетилен түзіледі:

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 43 беті





Осы әдіс арқылы дәнекерлеу жұмыстарында пайдалынатын ацетиленнің негізгі мөлшері алынады.

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ



Физикалық қасиеті бойынша алкиндердің гомологтық қатарындағы алғашқы үшеуі қалыпты жағдайда газ, содан кейінгілері ($\text{C}_5\text{-C}_{15}$) сүйік, ал көмірсутек құрамы $\text{C}_{16}\text{H}_{30}$ қатты заттар. Алкиндердің гомологтық қатары бойынша балқу және қайнау температураларының өзгеруі алкандардағы және алкендердегі сияқты негізгі зандылықтарға бағынады.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ


1. Гидрлену реакциясы..




2. Галогендеу реакциясы:



3. Гидрогалогендеу реакция.




4. Гидратация реакциясы:



Сірке альдегиді (Кучеров реакциясы)

5. Жану реакциясы.



6. Полимерлену реакциясы.



Бұл реакция тримерлену немесе Зелинский реакциясы деп аталады.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Алкиндердің жалпы формуласы.

2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы.

3. Физикалық және химиялық қасиеті.

4. Келесі заттардың құрылымдық формуласын жазыңыз:

A) 3-метил пентин-1

B) бутин-1

C) бутин-2

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 44 беті

5.1. Тақырыбы №23. Арендер.

5.2. Мақсаты: студент арендердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: арендердің стереохимиясы туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Алкиндердің жалпы формуласы.
2. Гомологтық қатары. Номенклатурасы
3. Физикалық және химиялық қасиеті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас


Теориялық бөлімі

«Ароматты» деген ұғымды алғашқыда хош иісі бар органикалық қосылыстарға немесе олар қандай жағымды иісі бар табиғи қосылыстардан бөлініп алынғанына байланысты қолданды. Кейіннен бензолға қасиеті ұқсас органикалық қосылыстардың үлкен тобына пайдаланды.


Ароматты көмірсүтектерге молекуласында бір немесе бірнеше бензол сақинасы болатын қосылыстарды жатқызады.

НОМЕНКЛАТУРАСЫ


IUPAC орынбасу номенклатурасы бойынша моноядролы арендерді бензолдың орынбасқан тұындылары ретінде қарастырады: метилбензол, этилбензол, винилбензол және т.б., бензол сақинасында екі және одан да көп орынбасарлар болатын болса орындары санмен көрсетіледі. Моноядролы арендердің қатарында жүйелі атаумен қатар тривиалды (көне) атауда орын алады: толуол, ксиол, кумол және басқалар. Төменде арендердің кейбір өкілдері берілген (көне атаулары жақшага алынған):




метилбензол
(толуол)




этилбензол




изопропилбензол
(кумол)




винилбензол
(стирол)




1,2-диметилбензол;
(o-ксиол)



1-изопропил-4-метилбензол;
(цимвол)




1,4-диметил-2-этилбензол



1,3,5-триметилбензол;
(мезитилен)

АЛЫНУЫ

Мұнайдан алынуы. Шикі мұнайдада ароматты көмірсүтектердің мөлшері аз болады. Сондықтан, олардың массалық үлесін арттыру үшін *ароматтауга* ұшыратады, яғни катализатор қатысында жоғары температурада қыздырады. Осыдан дегидрлеу, изомерлену және циклдену үдерістері жүреді. Төменде кейбір типті реакциялардың схемалары келтірілген:




ФИЗИКАЛЫҚ КАСИЕТТЕРІ

Кәдімгі жағдайда бензол және гомологиялық катардағы тәменгі мүшелері сыйыктық.


Ароматты көмірсүтектердің барлығы суда ерімейді және органикалық еріткіштерде жақсы ериді. Олардың көпшілігі басқа органикалық заттар үшін жақсы еріткіш бола алады. Көміртек мөлшерінің тым жоғару болуынан өте улы. Оның буын үнемі жұта беретін болса *лейкемия* ауруына әкеліп соктырады.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРИ

1. Барлық көмірсүтектер сияқты бензол да жанады.




3. Гидрлену.



бензол циклогексан

4. Нитрлену реакциясы:



5. Бензол мен хлор қоспасына жарықпен әсер етсе, хлор бензолға қосыла алады.



гексахлорбензол

5.6. Әдебиеттер:

Косымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

- #### 1. Арендердің жалпы формуласы

- ## 2. Номенклатуры

- ### 3. Физикалық және химиялық қасиеті

- #### 4. Реакцияны жүзеге асырының:

1-бромпропан → X → бензол

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 46 беті

5.1. Тақырыбы №24. Көмірсутектермен олардың туындылары арасындағы генетикалық байланыс. Көмірсутектердің табиғи көздері.

5.2. Мақсаты: студент көмірсутектердің гомологтық қатарын, физикалық және химиялық қасиеттерін білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: Көмірсутектердің табиғи көздерін білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Арендердің жалпы формуласы.


2. Номенклатурасы

3. Физикалық және химиялық қасиеті


5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі


Қаныққан көмірсутектерден қанықпаған қосылыстарды, эиклопарафиндерден аромат қосылыстар алуға болады, қанықпаған көмірсутектерді қаныққан көмірсутектерге, т.б. айналдыруға болады.



Бір қатардан екінші қатарға ауысадың схемада көрсетілмеген басқа да жолдары химиялық әдіспен жүзеге асырылады. Мұны зерттеуде академик Н.Д.Зелинский мен оның ғылыми мектебі орасан зор еңбек сінірді. Мысалы,



Ал қанықпаған көмірсутектерді сутектендіргенде, алкандар түзіледі. Мысалы, ацетиленнің этанға айналуы.



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Реакция теңдеуін жазыңыз:

А) циклобутан+сүтегі→

Б) циклобутан+хлор→

2. Келесі қосылыстардың құрылымдық формуласын жазыңыз:

А) 2,3-диметил-4,4-диэтилгептан

Б) 2,2,3,3- тетраметилоктан

3. 50л пропиленді жағу үшін (қ.ж.) қанша көлем ауа қажет?

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 47 беті


5.1. Тақырыбы 25. Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы. Спирттердің жіктелуі, номенклатурасы, қасиеттері, алынуы және қолданылуы.

5.2. Мақсаты: студент оттекті органикалық қосылыстардың және спирттердің жіктелуі мен номенклатурасын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: спирттер туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Реакцияны жүзеге асырыңыз.



2. Метанның 7 моль жанғанда қанша көлем көміртегі (IV) оксиді түзіледі.

3. Келесі қосылыстардың құрылымдық формуласын жазыңыз:

А) 2-метил-4-этилгептан

Б) 2,2,3,3- тетраметилгептан


5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Молекула құрамына оттек атомдары кіретін оттекті органикалық қосылыстар деп аталады. Оттекті органикалық қосылыстар құрамында оттек бар функционалдық топтарға байланысты әртүрлі заттар қатарын түзеді. Көмірсүтек радикалмен байланысқан бір немесе бірнеше гидроксил тобы молекулалары бар органикалық қосылыстарды *спирттер* деп атайды.


1) Гидроксильді топ бойынша спирттер келесі түрлерге жіктеледі:

- біратомды, мысалы: $\text{CH}_3 - \text{OH}$ метанол (метилді спирт)



- екіатомды (гликоль),

мысалы: $\text{HO} - \text{CH}_2 - \text{CH}_2 - \text{OH}$ этиленгликоль









- үшатомды, мысалы: $\text{HO} - \text{CH}_2 - \text{CH(OH)} - \text{CH}_2 - \text{OH}$ Пропантриол – 1,2,3 (глицерин)

НОМЕНКЛАТУРАСЫ

Спирттерді атау үшін көп жағдайда *орынбасарлық* және *радикалды-функционалдық* IUPAC номенклатурасы пайдалынады.

Орынбасарлық номенклатура бойынша спирттерді атау үшін басты көмірсүтек тізбегіне сәйкес келетін көмірсүтек атауынан құралады, тізбектегі көміртек атомдарындағы гидроксил тобының орны көрсетіледі және **-ол** деген жүрнақ қосылып жазылады. Басты көмірсүтек тізбегін нөмірлеуді гидроксил тобы жақын орналасқан шетінен бастайды.



CH_3OH метанол (метил спирті)

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 48 беті

C_2H_5OH этанол


C_3H_7OH пропанол

C_4H_9OH бутанол


$C_5H_{11}OH$ пентанол

АЛЫНУЫ

Көмірсутектердің галогентұндыларының гидролизі. Галоген атомы sp^3 -гибридтеген көміртек атомымен байланысқан галоген атомы бар көмірсутектердің галогентұндыларын сілтінің сулы ерітіндісі қатысында қыздырғанда спирттер түзіледі:




Алкендердің гидратациясы. Алкендерге суды қосқанда каныққан спирттер түзіледі:



Алкендерге судың қосылуы Марковников ережесіне сәйкес жүреді, яғни бұл реакция жағдайында көмірсутектің құрылышына байланысты екіншіләй және үшіншіләй спирттер түзіледі. Бұл әдіспен біріншіләй спирттерден тек этанолды алуға болады.

3. Майларды қышқылдық және сілтілік ортада гидролизге ұшыратқанда триолдардың маңызды өкілі **глициерин** түзіледі:



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.


5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі.
2. Келесі қосылыстардың құрылымдық формуласын жазыңыз.

A) 2,3-диметил-4,4-диэтилгептанол-1

Б) 2,2,3,3- тетраметилоктанол-3

3. Реакция жүзеге асырыңыз:



ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 49 беті

5.1. Тақырыбы №26. Спирттер.

5.2. Мақсаты: студент спирттердің жіктелуі мен номенклатурасын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: спирттер туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі.
2. Спирттердің жалпы формуласы.
3. Этанол мен метанолдың қолданылуы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас


Теориялық бөлімі

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ


Қанықкан біратомды спирттер- түссіз сұйықтық немесе өздеріне тән иісі бар кристалды заттар. Гомологтық қатардағы төменгі өкілдерінің өздеріне тән спирттік істері бар, бутанолға және пентанолға жағымсыз иіс тән, жоғары алканолдардың жағымды жемісті иісі болады.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ


1. Этил спирті көгілдір жалынмен жанады.




2. Спирттер натрий және калий қуатты сутегі бөле әрекеттесіп алкоголяттар түзеді.




3. Спирттер галогенсүтектермен әрекеттеседі.




4. Спирттердің маңызды қасиеттерінің бірі олардың дегидраттануы. Дегидраттану спирттерді су тартыш заттармен, мәселен концентрлі күкірт қышқылымен, қыздырғанда жүреді.




5. Спирттердің молекулаарлық сузыздануы.



6. Көпатомды спирттердің қасиеті, құрамында гидроксил тобы болғандықтан біратомды спирттерге ұқсас.



7. Көпатомды спирттердің өздеріне тән ерекше қасиеті де бар. Олар мыс (II) гидроксидімен әрекеттесіп ашық көк түсті мөлдір ерітінді түзеді.



Колданылуы:

Этанол күйдіретін дәмі бар түссіз жанатын сұйықтық және өзіне тән иісі бар, сумен кез - келген қатынаста араласады. Аз мөлшерде мас қылатын әсері бар, үлкен дозада наркотикалық жағдайға жеткізеді. **Фармацияда және медицинада** тұндырмалар, қайнатпалар, экстрактар алу

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 50 беті

үшін, залалсыздандыратын дәрі ретінде, әртүрлі анатомиялық препараттарды конвервациялау үшін, жанатын зат ретінде қолданылады. Қолды, хирургиялық құралдарды, операция жасалатын аумақты тазалап өндеде, төсек тартып жатқан науқастарда ойылулардың алдын алуда, сұртінде, компрестерде кеңінен қолданылады

Этиленгликольдің сулы және спиртті ерітінділері тәменгі температурада қатпайтын ерітінді ретінде қыста автокөлік радиаторларында және авиация моторларында сулың орнына жүретін антифриз ретінде қолданылады.

Глицерин нитроглицерин (қопрағыш зат) өндіруге, антифриз дайындауға, былғары өнеркәсібінде қолданылады. **Нитроглицериннің 1% спиртті ерітіндісі жүрек ауруына дәрі ретінде қолданылады.**

5.6. Әдебиеттер:

Негізгі:

- 1.Дәуренбеков, Қ. Н. Химия [Мәтін] : оқу құралы / Қ. Н. Дәуренбеков, Қ. М. Серимбетова, А. Ш. Өмірқұлов . - Алматы : ЭСПИ, 2023.
- 2.Шрайвер, Д. Бейорганикалық химия. Оқулық Алматы: Эверо, 2013.
- 3.Бейорганикалық химия практикумы: оқу - әдістемелік нұсқаулық / А.С. Кожамжарова.- Алматы: Эверо, 2013

Қосымша:

1. Дауренбеков Қ.Н. Химия :оқу құралы / Қ.Н.Дауренбеков, Қ.М.Серимбетова, А.Ш.Өмірқұлов. - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2019.
2. Оспанова , М. Қ. Химия. Б.2 [Мәтін] : жалпы білім беретін мект. қоғам.-гуманит. бағытындағы 10 сыныб. арналған оқулық / М. Қ. Оспанова , Қ. С. Аухадиева, Т. Г. Белоусова. - Алматы : Мектеп , 2019.
3. Интернет-сайт

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Метанолдың және этанолдың өнеркәсіптік синтезі
2. Спіттердің адам ағzasына әсері.
3. Массасы 23г этил спиртін жағу үшін қанша көлем қ.ж. ауа қажет?

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 51 беті

5.1. Тақырыбы №27. Фенолдар.

5.2. Мақсаты: студент фенолдардың жіктелуін, номенклатурасын, қасиеттерін, алынуын және қолданылуын білугі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: фенолдардың химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Спирттердің жіктелуі.

2. Келесі қосылыстардың құрылымдық формуласын жазыңыз.

А) 2-метилпентанол-1

Б) 2,2,- диметилгексанол-3

3. 23г этил спиртін толық жағу үшін қажет ауаның көлемі.(қ.ж.)

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас


Теориялық бөлімі

Фенолдар – бензол сақинасындағы көміртек атомымен байланысқан бір немесе бірнеше гидроксил тобы бар ароматты көмірсутектердің туындылары. OH тобының санына байланысты бір, екі, үшатомды фенолдар болып бөлінеді.


- біратомды фенолдар (аренолдар) - фенол (C_6H_5OH) және оның гомологтары
- екіатомды фенолдар (арендиолдар): гидрохинон, пиракатехин, резорцин;
- үшатомды фенолдар (арентриолдар): пирагаллол, флороглюцин, гидроксигидрохинон;

НОМЕНКЛАТУРАСЫ


IUPAC атавы бойынша фенолдарды атау үшін тиісті аренге жүрнақ алды **гидрокси-** қосылып аталаады. Көптеген фенолдарға тривиалды атау қолданылады. Фенол туындыларының негізі ретінде «фенол» сөзі пайдалынады:



фенол;
гидроксибензол;




2-метилфенол;
o-метилфенол;
1-гидрокси-2-метилбензол;




3-метилфенол;
m-метилфенол;
1-гидрокси-3-метилбензол;




4-метилфенол;
n-метилфенол;
1-гидрокси-4-метилбензол;




4-этілфенол;
n-этілфенол;
1-гидрокси-4-этілбензол



2-изопропил-5-метилфенол;
1-гидрокси-2-изопропил-5-метилбензол;
тимол




2-нафтоль;
β-нафтоль;
2-гидроксинафталин



1-антрол;
α-антрол;
1-гидроксiantрацен

АЛЫНУЫ

Фенолды кумолды әдіс бойынша алу. Бұл әдістің негізінде кумолды (изопропилбензол) тотықтыру жатыр. Бастанғы заттар ретінде бензол және пропиленді алады:





ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ


Қарапайым фенолдар тұтқыр сүйиқтықтар немесе өзіне тән тұрақты иісі бар төменгі температурада балқитын катты заттар. Фенол суда ериді, басқа фенолдар суда нашар ериді. Фенолдардың көпшілігі түссіз заттар, бірақ сақтау кезінде ауадағы оттекпен тотығады және тотығу өнімдері өзінің қоспаларының әсерінен қара түскे боялады.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ


1. Фенол молекуласында көмірсүтек радикальмен байланысқан гидроксил тобының болуы оның химиялық қасиеттері жағынан біратомды спиртке ұқсас болады.



2. Фенолдар бромдау реакциясына жеңіл түседі және 2,4,6 – трибромфенол түзіледі.



3. Нитрлеу реакциясы



ONÝUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 53 беті

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Фенолдардың жіктелуі. Номенклатурасы.
2. Физикалық және химиялық қасиеті
3. Реакция жүзеге асырыңыз:
 $C_2H_2 \rightarrow C_6H_6 \rightarrow C_6H_5Br \rightarrow C_6H_5-OH$

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 54 беті

5.1. Тақырыбы №28. Альдегидтер мен кетондар.

5.2. Мақсаты: студент альдегидтер мен кетондардың жіктелуін, номенклатурасын, қасиеттерін, алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: альдегидтер мен кетондардың, химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Фенолдардың жіктелуі. Номенклатурасы.

2. Физикалық және химиялық қасиеті


3. 993г трибромфенол алу үшін, қанша грамм фенол қажет?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі


Альдегидтер және кетондар деп құрамында карбонил тобы >C= бар көмірсүтектің туындыларын атайды.

Альдегид молекуласында карбонил тобы сутек атомымен және көмірсүтек радикалымен байланысқан. Формальдегидте карбонилді топ екі бірдей сутек атомдарымен байланысқан.



Топтарын альдегид тобы деп атайды.

Кетондар молекуласында карбонилді топ екі көмірсүтек радикалымен байланысқан және оны кетотоп деп атайды.



Альдегидтер

кетондар


Альдегидтер мен кетондар *карбонилді қосылыстар* жігіне жатады. Көмірсүтек радикалымың құрылышына байланысты альдегидтер мен кетондар *алифатты, алициклді* және *ароматты* деп жіктерге бөлінеді. Алифатты альдегидтер мен кетондар қаныққан және қанықпаған болып жіктелінеді.

НОМЕНКЛАТУРАСЫ

Халықаралық номенклатура IUPAC жүйесі бойынша альдегидтердің атавы көміртек атомының саны соған тең (альдегид тобындағы көміртек атомы кіреді) көмірсүтек атавынан құралады және жүрнақ **-аль** қосылып аталады. Басты көмірсүтек радикалын нөмірлеу альдегид тобындағы көміртектен бастайды. Альдегидтердің тривидалды және орынбасарлық номенклатуралар бойынша атайды.

Кетондардың атавын орынбасарлық номенклатура бойынша құрастырғанда кетотоп кіретін ең ұзын көмірсүтек тізбегін таңдал алады. Карбонил тобындағы көміртек атомы кіші санға ие болатындей етіп нөмірлейді. Сосын көміртек атомының саны сондай болатындей қаныққан көмірсүтек атавына **-он** жүрнағын қосады және кетотопқа енетін көміртек атомын санмен белгілейді: Халықаралық жүйе бойынша альдегидтің аталуы сәйкес алканның атына **-аль** деген жалғау жалғануы арқылы түзіледі. Көміртек тізбегін нөмірлеуді альдегидті топ байланысқан көміртек атомынан бастайды. Мысалы, 3 –метилгексаналь

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 55 беті



Гомологтық қатары

HCHO метаналь

CH_3CHO этаналь


$\text{C}_2\text{H}_5\text{CHO}$ пропаналь

$\text{C}_3\text{H}_7\text{CHO}$ бутаналь



$\text{C}_4\text{H}_9\text{CHO}$ пентаналь

АЛЫНУЫ


Спирттерді тотықтыру. Біріншілік спирттер альдегидтерге дейін, екіншілік спирттер кетондарға дейін тотығады:



Алкиндердің гидратациясы (Кучеров реакциясы). Кучеров реакциясы жағдайында ацетиленнен сірке альдегиді, оның гомологтарынан кетондар түзіледі:



Геминалды галогеналкандардың гидролизі. Біріншілік көміртек атомында галоген атомдары бар *гем*-галогеналкандардың гидролизі барысында альдегидтер, ал екіншіліктерден- кетондар түзіледі:



1,1-дихлорпропан


пропион альдегиді

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ


Құмырсқа альдегиді-газ, тәменгі альдегидтер және кетондар- ұшқыш сұйықтықтар. Олар сутектік байланыс құры қабілетінің жоқтығынан сәйкес спирттермен салыстырғанда тәмен температурада қайнайды. Кетондардың қайнау температуrasы олардың альдегидті изомерлерімен салыстырғанда жоғары болады. Альдегидтер және кетондар органикалық еріткіштерде жақсы ериді, тәменгілері – суда ериді. Альдегидтер және кетондардың көпшілігінің өздеріне тән істері болады.


ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

1. Альдегид тек тотықсызданып қана қоймай, сонымен қатар тотығады. Альдегид тотықкан кезде карбон қышқылына айналады. Мына схема түрінде көрсетуге болады:





2. Күміс айна реакциясы – күміс (I) оксидінің аммиактағы ерітіндісімен әрекеттесуі:





3.Мыс (II) гидроксидімен реакциясы:



5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Альдегидтер мен кетондардың жалпы формуласы. Номенклатурасы.
 2. Физикалық және химиялық қасиеті
 3. Келесі қосылыстардың құрылымдық формуласын жазыңыз.
 - А) 3,3-диметиль гексаналь
 - Б) 2,4 – диметиль пентаналь
 - С) пропанон -2

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 57 беті

5.1. Тақырыбы №29. Карбон қышқылдары.Дикарбон қышқылдары.

5.2. Мақсаты: студент карбон қышқылдарының номенклатурасын, қасиеттерін, алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: карбон қышқылдарының химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.


5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Альдегидтер мен кетондардың жалпы формуласы. Номенклатурасы.
- Физикалық және химиялық қасиеті
- Массасы 132г метанаальдің (қ.ж.) көлемі.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас.

Теориялық бөлімі

Құрамында бір немесе бірнеше карбоксил топтары (-COOH) бар көмірсутектің туындыларын карбон қышқылдары деп атайды. Карбоксилді топ карбонил және гидроксил тобынан тұратын



күрделі функционалдық топ.

Карбон қышқылдарының жалпы формуласы:

R-(COOH)_m, мұндағы m- қышқылдың негізділігін анықтайдын карбоксил тобының саны.

Карбон қышқылдары негізділігіне қарай жіктелуі



1. Көмірсутек радикалының табигатына байланысты жіктеу.



НОМЕНКЛАТУРАСЫ

Карбон қышқылдарын атауда **тривиалды номенклатура** кеңінен қолданылады: H-COOH құмырсқа қышқылы, CH₃-COOH сірке қышқылы. Тривиалды атауда карбоксил тобына қатысты орынбасарлардың орындары грек әріптерімен α, β, γ және т.б. көрсетіледі.

γ β α

$$\begin{array}{c} \text{CH}_3-\text{CH}_2-\text{CH}-\text{COOH} \\ \qquad\qquad\qquad \text{CH}_3 \end{array}$$

α – метилмай қышқылы

Халықаралық орынбасарлық номенклатура бойынша карбон қышқылдарының атаулары карбоксил тобындағы көміртек атомын есепке алғанда көмірсутек атауына **қышқылы** сөз түркесі жалғанады. Басты көміртек тізбегін нөмірлеу карбоксил тобындағы көміртек атомынан басталады.

6 5 4 3 2 1
 CH₃—CH₂—CH₂—CH₂—CH—COOH
 C₂H₅ CH₃


2-метил-4-этилгексан кышкылы

Карбон қышқылдарының гомологтық қатары


Формула	Номенклатура бойынша қышқылдардың аталуы	
	ИЮПАК халықаралық	Тривиалды
$\text{H}-\text{COOH}$	метан қышқылы	күмірсқа қышқылы
CH_3-COOH	этан қышқылы	сірке қышқылы
$\text{CH}_3-\text{CH}_2-\text{COOH}$	пропан қышқылы	пропион қышқылы
$\text{CH}_3-(\text{CH}_2)_2-\text{COOH}$	бутан қышқылы	май қышқылы
$\text{CH}_3-(\text{CH}_2)_3-\text{COOH}$	пентан қышқылы	валериан қышқылы
$\text{CH}_3-(\text{CH}_2)_4-\text{COOH}$	гексан қышқылы	капрон қышқылы

АЛЬИНУЫ

- 1) Біріншілік спирттер және альдегидтердің тотығуы. Біріншілік спирттердің карбон қышқылдарына дейін тотығуы альдегид түзілу сатысы арқылы жүзеге асады.



- 2) Алканды ауаның құрамындағы оттекпен марганец тұзы катализаторы қатысында және қысыммен қыздырғанда тотығу барысында карбон қышқылы түзіледі.



- 3) Алкендерді гидрокарбонилдеу. Алкенді қышқылды катализатор қатысында көміртек (II) оксидімен, сүмен қыздырғанда жоне қысым бергенде карбон қышқылы түзіледі.



Этилен

Пропион кышкылы

ФИЗИКАЛЫК КАСИЕТ

Құмырсқа қышқылы. Түссіз өткір иісті сұйықтық. Суда, этанолда, эфирде ериді. Бос куйінде құмырсқалар бөлөтін безде, калақайлын қурамында кездеседі.





Сірке қышқылы. Откір істі түссіз сүйектік, сумен, эфирмен, этанолмен араласады.

ХИМИЯЛЫҚ КАСИЕТІ


Химиялық қасиеттері:

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 59 беті	

1) Тұздардың түзілуі. Карбон қышқылдары белсенді металдармен, негіздік оксидтермен, гидроксидтермен және сілтілік металдардың карбонаттарымен әрекеттескенде тұздар түзеді.




2) Спирттермен әрекеттесуі (этерификация реакциясы). Карбон қышқылдары қышқылды катализатор қатысында қыздырғанда спирттермен әрекеттеседі, нәтижесінде күрделі эфирылер туздады. Бұл реакция «Этирификация реакциясы» деп аталады.



СН₃-СОСН-Н-ОС₂H₅ > СН₃-СОСС₂H₅ >


3) Галогендеу реакциясы. Карбон қышқылдары галогендермен орынбасу реакциясына түседі. Орынбасу реакциясы карбоксил тобына жақын жердегі сутегі атомы галоген атомына аудысады.

$$\text{CH}_3\text{COOH} + \text{Br}_2 \rightarrow \text{CH}_3\text{COOBr} + \text{HBr}$$



ХІІІ ВІДКРИТОВАННЯ

4) Құмырсқа қышқылы құрылышының ерекшелігіне байланысты тотықсыздандырылғыш қасиет көрсетеді, альдегидтер тәрізді «құміс айна» реакциясын береді.



Колданылуда.

Құмырсқа қышқылы органикалық синтезде кеңінен қолданылады. Мыс. Маталар бояуда ашытқы ретінде, ара шаруашылығында варроатозға қарсы, пестицидтер алуда және сонымен қатар *медицинада құмырсқа қышқылының 1%-дық спирттік ерітіндісі невралгияда, миозитте жақта май ретінде және т.б. қолданылады.*

Сірке қышқылы органикалық синтезде реагент және еріткіш ретінде кең қолданысқа ие, 3-6% сірке қышқылының ерітіндісін дәмдік тұздық ретінде және консервант ретінде пайдаланылады. *Медицинада дәрілік заттар (қоргасын аacetаты, аacetилсалациил қышқылы, фенаacetин, параacetамол) синтезінде қолданылады.*

5.6. Әдебиеттер:

Косымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Карбон қышқылдарының жалпы формуласы. Номенклатуrasesы.
 2. Физикалық және химиялық қасиеті
 3. Келесі қосылыштардың құрылымдық формуласын жазыңыз.
А) 3-метиль гексан қышқылы
Б) β- метиль пентан қышқылы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 60 беті	

5.1. Тақырыбы №30. Жай және күрделі эфирлер. Майлар. Сабындар мен синтетикалық жуғыш заттар.

5.2. Мақсаты: студент жай және күрделі эфирлердің, майлардың және сабындар мен синтетикалық жуғыш заттардың номенклатурасын, қасиеттерін, алынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: жай және күрделі эфирлердің химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Карбон қышқылдарының жалпы формуласы. Номенклатурасы.
2. Физикалық және химиялық қасиеті
3. Келесі қосылыстардың күрілымдық формуласын жазыңыз.
A) 2,3-диметиль гексан қышқылы
Б) α- метиль бутан қышқылы

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас



Теориялық бөлімі

Күрделі эфирлер спирттер органикалық карбон қышқылдарымен әрекеттескенде түзіледі, реакцияны этерификациялау деп атайды, реакция қайтымды. Катализатор ретінде қышқылдың сутегі ионы алынады.

Жалпы формуласы: $R - COOR'$ немесе $RCOOR'$

Күрделі эфирлердің изомерлерін оны құруға қатысқан қышқыл мен спирттің радикалдарына байланысты топтардың изомерленуі бойынша анықтайды. Күрделі эфирлерге:

а) көміртектік тізбектің өзгеруі:



пропилацетат

изопропилацетат

Жалпы формуласы $R-O-R'$ органикалық қосылыстарды **жай эфирлер** деп атайды.



симметриялы эфирлер

Майлар – жоғары карбон қышқыл және глицериннің әрекеттесуі нәтижесінде түзілетін күрделі эфирдің қоспасы (1-кесте).


Алғаш рет майдың құрамын 1811ж. француз ғалымы Э.Шеврель майды сілті қосып қыздырғанда анықтады. Ал 1854ж. француз химигі М.Берто осы реакцияның қайтымды болатының дәлелдеді және алғаш майды синтездеді.

1-кесте. **Майдың құрамына кіретін жоғары карбон қышқылдары**


Қанықкан карбон қышқылдары		Қанықпаған карбон қышқылдары	
$\text{C}_{15}\text{H}_{31}\text{COOH}$	пальмитин	$\text{C}_{17}\text{H}_{33}\text{COOH}$	Олеин
$\text{C}_{17}\text{H}_{35}\text{COOH}$	стеарин	$\text{C}_{17}\text{H}_{31}\text{COOH}$	Линол
		$\text{C}_{17}\text{H}_{29}\text{COOH}$	Линолен

НОМЕНКЛАТУРАСЫ

Күрделі эфирдің аты сәйкес карбон қышқылдың және спирттің қалдықтарының аттарынан күралады.




Құмырсқа қышқылының метил эфирі (метилформиат)




Сірке қышқылының амил эфирі (амилацетат)

АЛЬИНУЫ


- 1) Біріншілік спирттер және альдегидтердің тотығуы. Біріншілік спирттердің карбон қышқылдарына дейін тотығуы альдегид түзілу сатысы арқылы жүзеге асады.



- 2) Алканды ауаның құрамындағы оттекпен марганец тұзы катализаторы қатысында және қысыммен қыздырғанда тотығу барысында карбон қышқылы түзіледі.



- 3) Алкендерді гидрокарбонилдеу. Алкенді қышқылды катализатор қатысында көміртек (II) оксидімен, сүмен қыздырғанда және қысым бергенде карбон қышқылы тузіледі.




ФИЗИКАЛЫҚ КАСИЕТІ

Карбон қышқылдарының күрделі эфирлері әдетте сүйкімді іісті сұйыктық, құмырсқа қышқылының этил эфирі ром иісті, май қышқылының бутил эфирінің иісті ананастікі тәрізді болады және т.б.


Гүлдердің, жемістердің және жидектердің жағымды хош істері, көбінесе олардың құрамында белгілі бір күрделі эфирдің болуына байланысты. Эфирдің бұл қасиеті практикада колданылады.

ХИМИЯЛЫҚ КАСИЕТІ

1. Күрделі эфирлердің маңызды қасиеті – сумен әрекеттесуі. Егер сірке қышқылның этил эфиріне қандай да болмасын бір бейорганикалық қышқыл араластырып, оған су қосып қыздырса, сірке қышқылы және этил спирті түзіледі.



2. Жоғары май қышқылдарының тұздарын **сабындар**, майлардың сілтілік гидролиз реакциясын **сабындану** деп атайды, оның нәтижесінде сабындар түзіледі.



5.6. Әдебиеттер:

3.6. Одесен

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 62 беті

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Жай және күрделі эфирлер.
2. Майлар.
3. Сірке қышқылы мен бутил спирті арасындағы эфирлену реакциясын жазыңыз.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 63 беті

5.1. Тақырыбы №31. Көмірсулар. Моно -, дисахаридтер.

5.2. Мақсаты: студент көмірсулар, моно - дисахаридтер қасиеттерін, алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: көмірсулардың химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұраптары:

1. Жай және күрделі эфирлер.

2. Майлар.


3. Құмырсақ қышқылы мен этил спирті арасындағы эфирлену реакциясын жазыңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас


Теориялық бөлімі

Көмірсулар - химиялық құрамы $C_m(H_2O)_n$ формуласымен өрнектелетін табиғи органикалық қосылыстар класы.

Көмірсулар табиғатта кеңінен тараған органикалық қосылыстар, өсімдіктекті және жануартекті жасушаның негізгі компоненті. Көмірсулар фотосинтез процесі кезінде өсімдіктерде түзіледі.





Тыныс алу процесі кезінде көмірсулардың тотығуы өтеді, тірі ағзаның өмір сүруіне қажетті энергия бөлінеді.



1г көмірсу толық тотықкан кезде 17,6 кДж энергия бөлінеді.

Моносахаридтердің құрамында екі түрлі функционалды топ болғандықтан, оларды гетерофункционалды қосылыстар деп атауға болады. Оның құрамында альдегидтік, кетондық және гидроксилдік топтар болатындықтан, олар альдегидоспирттер немесе кетоноспирттер болып табылады.

Альдегид тобы бар моносахаридтерді альдоза, ал кетондық тобы бар көмірсуларды - кетозалар деп аталады.



Бұлардың ішінде ең көп тарағандары пентозалар мен гексозалар.


Табигаты бірдей немесе әртүрлі екі моносахаридтердің қалдықтары гликозидтік байланыс арқылы байланысқан көмірсуларды **дисахаридтер** деп атайды.

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Моносахаридтер- қатты гигроскопиялық заттар, этанолда қын ериді, және іс жүзінде диэтил эфирінде, бензолда, диоксанда ерімейді. Моносахаридтердің көпшілігі кристалды заттар. Моносахаридтердің сулы ерітінділері әдетте тәтті дәмі бар және бейтарап реакция көрсетеді. Ерітінділерде моносахаридтердің ерітінділері күшті сольваттанған, ол тұтқыр сироптың түзілуіне әкеледі. Сироптың түзілуіне байланысты кристалдану үдерісі тежелген.


ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

- 1.** Көпатормды спиртке тотықсыздануы:



- ## 2. Тотығу реакциясы


- a) күміс – айна реакциясы



Глюкоза

Глюкон кышкылы

- б) жана дайылданған мыс (II) гидроксиді




в) күшті тотықтырғыш әсерінен глюкар қышқылы түзіледі



Моносахаридтердің ашу процесі

- a) спирттік ашу:


Ферментті ашы



- б) май қышқылдық ашу:



- в) СУТ КЫШКЫЛДЫ АШУ:



5.6. Әлебиеттер:

3.0. Задачи

5.7. Бақылау сұркіткыштары(сұркіткыштар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Көмірсулар. Моносахаридтер.
 2. Дисахаридтер.
 3. Массасы 270 гболған глюкозаның спирттік жолмен ашытқанда қанша көлем көміртегі (IV) оксиді түзіледі.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 65 беті

5.1. Тақырыбы: №32. Полисахаридтер

5.2. Мақсаты: студент полисахаридтердің қасиеттерін, алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: полисахаридтердің химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Көмірсулар. Моносахаридтер.

2. Дисахаридтер.

3. Реакцияны жүзеге асырыңыз.

глюкоза → X → Z → Y → бутан

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Полисахаридтер, гликандар — молекуласында гликозидті байланысқан 10-нан артық моносахарид қалдықтары бар көмірсулар. Полисахаридтердің молекулалық массасы бірнеше мыңнан (ламинарин, инулин) бірнеше млн-ға дейін (гиалурон қышқылы, гликоген) жетеді.

Полисахаридтердің құрылышы – моносахаридтің әрбір буыны алдынғы және кейінгі буындармен гликозидтік байланыстармен байланысқан.

Пентоз қалдықтарынан құрылған гомополисахаридтерді пентозандар, ал гексоз қалдықтарынан құрылған- **гексозандар** деп атайды.

Пентозандардың жалпы формуласы- $(C_5H_8O_4)_n$, ал гексозандардың формуласы - $(C_6H_{10}O_5)_n$. Табиғи қосылыстардың көпшілігі гексозандар (крахмал, целлюлоза, гликоген, декстрандар және т.б.) болып келеді.

Крахмал. Крахмал өсімдіктерде негізгі энергия қорының көзі болып табылады. Ол өсімдіктердің дәндөрінде, түйнектерінде, тамырларында кездеседі.

Крахмалдың гидролизі сатылап өтетін процесс. Құқырт қышқылдың қатысында крахмалды глюкоза айналдыру реакциясын 1811ж. орыс ғалымы К.Кирхгоф ашты.




Крахмал йод ерітіндісімен көк – күлгін түсті кешенді қосылыс түзейді. Қыздырған кезде түс жоғалады, сұйтқанда қайтадан көк – күлгін түс пайда болады.

Крахмал - өсімдіктің негізгі қоректік қоры, фотосинтез үдерісінің өнімі. Крахмал молекуласындағы глюкоза қалдығы фермент әсерінен энергияға қажеттілік пайда болған кезде бөлінеді.

Гликоген – крахмалға пара пар органикалық көмірсу. Тірі ағза құрамында бауырда және бұлшықеттерде жинақталатын көмірсу.

Целлюлоза (лат. cellula — клетка), полиглюкопираноза, $(C_6H_{10}O_5)_n$ — негізгі құрам бөліктері өсімдіктер клеткаларының қабығын түзетін үлкен молекулалы көмірсу. Целлюлоза өсімдік тіндеріне меаникалық беріктік, серпімділік қасиет береді. **Ол өсімдіктерде** қарапайым көмірсулардан күрделі биохимиялық синтез нәтижесінде түзіледі.

Целлюлоза макромолекуласының қарапайым бунақтары $C_6H_{10}O_5$ - глюкоза ангириди (глюкопираноза) болып саналады.



Целлюлозаның құрылышы

ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Целлюлоза немесе клечатка барлық өсімдіктердің құрамында болады, ол клеткалар қабықшасын түзеді. Целлюлоза өсімдіктердің қаңқасы ретінде оларға беріктік, серпімділік қасиет береді.

Мақта талшығында 98% ке дейін целлюлоза болады. Зығыр мен көндір талшықтары да целлюлозадан тұрады. Ағаш сүрегінің 50% ке жуығы целлюлозадан қурады.

5.6. Әдебиеттер:

Косымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

- Полисахаридтер
 - Крахмал гидролизденіп 36 г глюкоза түзді. Осы гидролиздену реакциясына қанша су көткесті?

5.1. Тақырыбы №33. Азотты органикалық косылыштар. Аминдер, ароматты аминдер.

5.2.Мақсаты: студент азотты органикалық қосылыштадың, аминдер, ароматты аминдердің алынуын және қолданылуын білү тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: ароматты аминдердің химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Полисахаридтер.
 2. Крахмал және целлюлоза.

5.5.Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас


Теориялық бөлімі

Аммиактагы бір, екі немесе уш сутек атомдарының орнын алқилді топтар орынбасқан туындыларын аминдер деп атайды.


АЛЫНУЫ

Галогеналкандардың аммиакпен арекеттесуі (Гофман реакциясы). Аммиактың спирттік ерітіндісін галогеналканмен қыздырғанда біріншілік, екіншілік, үшіншілік аминдер және төртіншілік аммоний негізінің тұзы түзіледі. Бұл реакцияны 1850 жылы неміс химигі Август Вильгельм Гофман ашты.


Бастапқыда аммиак галогеналканмен алкиламоний түзеді, сосын ол аммиактың артық мөлшерінде алкиламинге айналады:




Түзілген біріншілік амин галогеналканың келесі молекуласымен әрекеттеседі және ары қарай жалғаса береді. Нәтижесінде екіншілік амин, сосын үшіншілік және төртіншілік аммоний негізінің тұзы түзіледі:



диметиламмоний йодиді диметиламин




тритиамоній
йодид




тетраметиламмоний йодиді

Нитроарендерді тотықсыздандыру (Зинин реакциясы)



Тотықсыздандырылғыштар ретінде хлорсүтек қышқылы, натрий сульфиді, сутекті ортада металл катализаторы (Fe, Zn, Sn) және т.б. қолданылады. Реакциялық оргтаның pH байланысты тотықсыздандыру үдерісі барысында әртүрлі аралық өнімдер түзіледі.

Галогенарендердің амиак және аминдермен әрекеттесуі. Галогенарендер амиакпен әрекеттеседі, біріншілік және екіншілік аминдермен реакция қатқыл жағдайда (жоғары температура және қысым, катализатор ретінде мыс және оның тұздары) жүреді. Аммиактармен әрекеттесу барысында біріншілік ариламиндер түзіледі:



ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Кәдімгі жағдайда алифатты аминдер (метиламин, диметиламин және триметиламин) түссіз газдар болып табылады, 4-тен 15 көміртек атомдарына дейінгі аминдер – сұйықтықтар, жоғарғы аминдер – қатты заттар.

Қарапайым аминдер — метиламин, диметиламин және триметиламин — суда жақсы еритін, амиактың ісі тәрізді газдар. Сұйық аминдер — амиактың ісінде ісі бар сұйық заттар. Құрделлек аминдер — балықтықіндей жағымсыз ісі бар сұйық заттар. Ауыр аминдер—суда ерімейтін, ісі жоқ қатты заттар. Көміртек атомдары бірдей жағдайда біріншілік аминдердің қайнау температурасы жоғары, ең төмені үшіншіліктік аминдер. Бұл біріншілік және екіншілік аминдердің спирттер сияқты сутектік байланыстар түзу қабілетіне байланысты:


ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

1. Алғашқы кездे аминдердің ауада жанады.
$$4\text{CH}_3\text{NH}_2 + 9\text{O}_2 \rightarrow 4\text{CO}_2 + 10\text{H}_2\text{O} + 2\text{N}_2$$
 2. Аминдер қышқылдармен әрекеттесіп тұз түзеді.

$$\text{CH}_3\text{NH}_2 + \text{HCl} \rightarrow [\text{CH}_3\text{NH}_3]\text{Cl}$$

- ## **Бензол сақинасы бойынша ж**

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 68 беті




2,4,6 - триброманилин

Амино топ I – ретті орынбасар болғандықтан, теріс индуктивті және оң мезомерлік эффект көрсетеді. Сондықтан электрофилді орынбасу реакциясы нәтижесінде орто- және пара- орынбасқан өнімдер түзіледі.

Азотты қышқылмен реакциясы

а) біріншілік алифатты аминдер азотты қышқылмен әрекеттесу барысында азотт бөле отырып спирт түзейді (аминдерді дезаминдеу).



Біріншілік ароматты аминдердің бөлме температурасында азотты қышқылмен әрекеттесуі осы реакцияға сәйкес жүреді, фенол мен азотты бөледі.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Аминдер.
2. Этиламиннің жану реакциясының тендеуін жазыңыз.
3. Массасы 5,4г этиламин жанғанда (қ.ж.) азоттың қандай көлемі түзіледі?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 69 беті

5.1. Тақырыбы №34. Гетероциклды қосылыстар туралы түсінік.

5.2. Мақсаты: студент гетероциклды қосылыстардың алынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: гетероциклды қосылыстардың химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Гетероциклді қосылыстар.
 2. Бір және екі гетероатомы бар бесмүшелі гетероциклді қосылыстар
 3. Бір және екі гетероатомы бар алтымүшелі гетероциклді қосылыстар
- 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас.


Теориялық бөлімі

Гетероциклді қосылыстар – молекулалары циклді және онда көміртек атомынан өзге кем дегенде бір гетероатом енетін заттар.

Гетеросақиналы қосылыстарды жіктелуі сақина түріне және сақина бойындағы атомдар санына, сақинадағы гетероатом табигатына, осы сақиналы қосылыстардың ароматтылық қасиетіне негізделген.

1. Сақина бойындағы атомдар санына қарау гетеросақиналы қосылыстар үшмүшелі, төртмүшелі, бесмүшелі болып бөлінеді.

үшмүшелі сақиналар



алтымүшелі сақиналар



Пиридин

Пиримидин (1,3-диазин)

Пираадазин пиридин пиразин оксазин тиазин
(1,2-диазин) (1,3-диазин) (1,4-диазин)

Ақуыздың биосинтезіне тікелей қатысатын, барлық тірі азсаларда генетикалық ақпараттың сақталуы мен берілуін қамтамасыз ететін биополимерлердің нуклеин қышқылдары (полинуклеотидтер) деп атайды.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Гетероциклды қосылыстар
2. Нуклеин қышқылдары

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академия» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжи «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 70 беті

5.1. Тақырыбы №35. Нуклеин қышқылдары. Синтетикалық жоғары молекулалы қосылыстар.

5.2. Мақсаты: студент нуклеин қышқылдарының алынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: нуклеин қышқылдарының химиялық қасиеттері туралы білімді қалыптастыру.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:



1. Нуклеин қышқылдары.
2. Пурин. Пиримидин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас




Теориялық бөлімі

Нуклеин қышқылдары (лат. nucleus - ядро) алғашкы рет 1868ж. Швейцария химигі Иоганн Фридрих Мишер жасушаның ядросынан аңғарды. Кейінірек осы сияқты заттар жасушаның протоплазмасынан табылды.


Нуклеин қышқылдарының құрамына енетін гетероциклді негіздер пурин мен пиримидиннің туындылары болып табылады. Пурин тобының негіздеріне *аденин(A)* және *гуанин(G)* жатады:



Пиримидин тобының негіздеріне *урацил(U)*, *тимин(T)*, *цитозин(C)* жатады:



ДНҚ құрамына аденин, гуанин, цитозин және тимин, ал РНҚ құрамына аденин, гуанин, цитозин және урацил енеді. Гуанин, урацил, тимин және цитозин үшін *лактам-лактимдік таутомерия* құбылысы тән:



Жоғары молекулалық қосылыстар – молекуласы қайталанып отыратын атомдар тобынан тұратын, молекулалық массасы өте үлкен заттар.

ЖМҚ жіктелуі

Табиғи (биополимерлер)	Өсімдіктекті немесе жануар тект жоғары молекулалық қосылыстар	Целлюлоза, крахмал, белок, нуклеин қышқылдары, табиғи каучук
---------------------------	---	--

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 71 беті

Аралас	Осындайтекті және жануар текті жоғары молекулалық қосылыштардың қоспасынан тұрады	липопротеидтер, гликопротеидтер, липополисахаридтер.
Химиялық	Жасанды ЖМҚ (табиғи ЖМҚ өндөу жолымен алады)	Целлюлоза эфири
	Синтетикалық ЖМҚ (молекулалық массасы кіші заттарды синтездеу жолымен)	Полиэтилен, полистирол, синтетикалық каучук, лавсан, капрон, нитрон

Қасиеті және қолданылуы бойынша ЖМҚ жіктелуі:

- 1) пластмасса
- 2) эластомерлер (каучук, резенке)
- 3) талшықтар

Пластмассалар – жоғары температура және қысым әсерінен кез келген пішін қабылдай алады және сұыған кезде өзінің қасиетін жоғалтпайтын, табиғи және синтетикалық ЖМҚ негізіндегі материал. Кейбір жағдайда металдардың және ағаштардың орнына пластмассалар қолданылады.

Пластмассалардың түрлері


Пластмассалар	
Термопластикалық	Термореактивті
Сызықты полимер	Торлы полимер
	
Тізбектер арасында байланыс әлсіздеу	Тізбектер арасында байланыс өте мықты
Жеңіл балқиды, қайта өндөу үшін қолданылады	Қыын балқиды, қайта өндөуге келмейді
Мысалы, полиэтилен, плексиглас (полиметилметакрилат)	Мысалы, фенолформальдегид шайыры, эbonит

Эластомерлер - эластомерлік қасиеті жоғары табиғи және синтетикалық ЖМҚ. Эластомерлердің макромолекуласы –құндақталып шумақталған тізбектер. Сыртқы күштің әсерінен шумақталған тізбек созылады да, қайта қалпына келе алады.

Талшықтар – молекуласы жоғары реттілікпен сипатталатын, жіптерге қайта өндөлетін табиғи және синтетикалық ЖМҚ

1) Синтетикалық талшық алу

a) полиэфирлі талшық



терефталь
қышқылы


этиленгликоль

эфирлік
байланыс
полифирлі байланыс


Өте ұсақ саңылауы бар фильтрден өткізгенде, өте жіңішке жіптер түзіледі және олар сұыған кезде қатаяды.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 72 беті

б) полиамидті талшық (капрон)



2) Жасанды талшық алу:



Целлюлоза сірке ангидриді триацетилцеллюлоза

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Нуклеин қышқылдары.

2. ДНҚ мен РНҚ.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 73 беті

5.1. Тақырыбы №36. Полимерлер химиясы.

5.2. Мақсаты: студент азотты органикалық қосылыстыдын, аминдер, ароматты аминдердің алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: полимерлер химиясы.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Полимерлер.
2. Полимерлер өндірісі.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Полимерлер (гр. πολύ- — көп, μέρος — бөлік, бөлігі) — молекула құрамында өзара химикалық немесе координаттық байланыстармен қосылған жүздеген, мындаған атомдары бар және өздеріне ғана тән қасиеттермен ерекшеленетін заттар тобы.

Жоғары молекулалы қосылыстар көбіне молекулалары көп қайталанып отыратын мономерлер тізбегінен тұрады. Олардың ішіндегі ең қарапайымы — полиэтилен, оның мономері — этилен. Жоғары молекулалы қосылыстар табиғи (акуыздар, нуклеин қышқылдары, табиғи шайырлар), жасанды (табиғи полимерді химикалық реактивтермен әрекеттестіру кезінде алынатын), синтетикалық (полиэтилен, полипропилен, полистирол, полiamид, фенолды шайыр, т.б.) болып үш топқа бөлінеді. Табиғи жоғары молекулалы қосылыстар Биосинтез барысында тірі организм клеткаларында түзіледі. Синтетикалық жоғары молекулалы қосылыстар мономерлерді поликонденсациялау, полимерлеу арқылы алынады. Олардың тізбектері ашық, бірінен соң бірі түзу сызық бойымен орналасқан мономер бөліктерінен, тарамдалған немесе тор тәрізді Жоғары молекулалардан құралған (қ. Полимерлер). Жоғары молекулалы қосылыстар машина жасауда, құрылышта, ауыл шаруашылығында, электртехникада, медицинада, т.б. көптеген салаларда кеңінен қолданылады

5.6. Әдебиеттер:

Негізгі:

- 1.Дәуренбеков, Қ. Н. Химия [Мәтін] : оқу құралы / Қ. Н. Дәуренбеков, Қ. М. Серимбетова, А. Ш. Өмірқұлов . - Алматы : ЭСПИ, 2023.
- 2.Шрайвер, Д. Бейорганикалық химия. Оқулық Алматы: Эверо, 2013.
- 3.Бейорганикалық химия практикумы: оқу - әдістемелік нұсқаулық / А.С. Қожамжарова.- Алматы: Эверо, 2013

Қосымша:

1. Дауренбеков Қ.Н. Химия :оқу құралы / Қ.Н.Дауренбеков, Қ.М.Серимбетова, А.Ш.Өмірқұлов. - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2019.
2. Оспанова , М. Қ. Химия. Б.2 [Мәтін] : жалпы білім беретін мект. қоғам.-гуманит. бағытындағы 10 сыныб. арналған оқулық / М. Қ. Оспанова , Қ. С. Аухадиева, Т. Г. Белоусова. - Алматы : Мектеп , 2019.
3. Интернет-сайт

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Полимерлер.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 74 беті

5.1. Тақырыбы №37. Қазіргі замандағы химиялық технологияның негізгі ғылыми принциптері

5.2. Мақсаты: студент азотты органикалық қосылыстадын, аминдер, ароматты аминдердің алдынуын және қолданылуын білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері:

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Қазіргі замандағы химиялық технологияның негізгі ғылыми принциптері

2. Шойын өндірісі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шыгару, пікірталас

Теориялық бөлімі

Химиялық технология — табиғи шикізаттарды (көмір, мұнай, табиғи газ, ағаш, тағы басқа) химиялық жолдар арқылы тұтыну мүліктеріне және өндіріс құралдарына айналдырудың экономикалық тиімді әдістері мен процестері жайындағы ғылым.

Зерттейтін объектілері бойынша химиялық технология екіге бөлінеді:

бей органикалық (қышқылдар, сілтілер, сода, силикатты материалдар, минералды тыңайтқыштар, тұздар, т.б.)

органикалық (жасанды каучук, пластмассалар, спирттер, органикалық қышқылдар, бояғыш заттар, дәрі-дәрмек, т.б.) заттар технологиясы.

Механикалық технология заттардың сырт пішінін, физикалық қасиеттерін өзгерту әдістерін зерттесе, химиялық технология заттардың құрамы мен құрылышын өзгертудің химиялық жолдарын қарастырады. Химиялық технологияның басты мақсаты - өндірістік процестердің физикалық-химиялық жағдайын зерттеу, технологиялық процестердің сұлбасын жасау, аппараттар мен приборлардың құралымын анықтау және оларды дайындайтын материалдар іздеңстіру.

Жаңадан жасалған технологиялық процестер ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне негізделген, экономикалық жағынан тиімді қажетті технологиялық процестердің техникалық және экономикалық тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштеріне: өнім бірлігін өндіруге жұмсалатын шикізат пен энергия мөлшері, өнімнің шығыны мен сапасы, еңбек өнімділігі, процестің өндіру қарқыны, өндірісті іске қосуға жұмсалатын қарожат, өнім құны, т.б. жатады. Химиялық технология әдістері химия, металлургия, құрылыш материалдары мен силикаттар, тері, тамақ, тоқыма, т.б. өнеркәсіп салаларында пайдаланылады.

Өнеркәсіп салалары

Химиялық технология өнеркәсіп салаларына қарай:

металдар химиялық технологиясы

силикаттар химиялық технологиясы

мұнай химиялық технологиясы

көмір химиялық технологиясы, т.б. деп бөлінеді.

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7. Бақылау сұрақтары(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Полимерлер.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 75 беті

5.1. Тақырыбы №38. Органикалық химия курсы бойынша білім деңгейн қорытындылау. Химия курсы бойынша білім деңгейн қорытындылау.

5.2. Мақсаты: студент органикалық химия курсы бойынша барлық өтілген тақырыптарды білуі тиіс.

5.3. Оқыту міндеттері: органикалық химия курсы бойынша барлық өтілген тақырыптарды бекіту.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Органикалық химия

1.А.М. Бутлеровтың химиялық құрылыш теориясы. Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатуrasesы, изомериясы.

2.Алкандар, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

3.Циклоалкандар, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

4.Алкендер, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

5.Алкадиендер, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

6.Алкиндер, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

7.Арендер, гомологтық қатары, құрылышы, изомерленуі, қасиеттері, алынуы, қолданылуы.

8.Көмірсутектермен олардың туындылары арасындағы генетикалық байланыс.

9.Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатуrasesы.Спирттердің жіктелуі, номенклатуrasesы, қасиеттері, алынуы және қолданылуы.

10.Фенолдардың жіктелуі, номенклатуrasesы, қасиеттері, алынуы және қолданылуы.

11.Альдегидтер мен кетондар.

12.Карбон қышқылдары.

13.Жай және күрделі эфирлер. Майлар. Сабындар мен синтетикалық жұғыш заттар.

14.Көмірсулар. Моно -, дисахаридтер.Полисахаридтер

15.Азотты органикалық қосылыстар. Аминдер, ароматты аминдер.

16.Амин қышқылдары.

17.Белоктар.

18.Гетероциклды қосылыстар туралы түсінік және нуклеин қышқылдары.

19.Синтетикалық жоғары молекулалы қосылыстар. Жоғары молекулалық қосылыстардың алынуы, құрылышы, қасиеттері, қолданылуы.

7.Сабакты қорытындылау.

- оқушылардың білім деңгейін бағалау

5.5.Білім берудің және оқытудың әдістері: Кіші топтарда жұмыс жасау, есеп шығару, пікірталас

5.6. Әдебиеттер:

Қосымша 1.

5.7.Үйге тапсырма беру.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 76 беті

Қосымша 1 .Әдебиеттер.

Қазақ тілінде:

1.Дәуренбеков, Қ. Н. Химия : оқу құралы / Қ. Н. Дәуренбеков, Қ. М. Серимбетова, А. Ш. Өмірқұлов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 304 бет.

Орыс тілінде:

1. Веренцова, Л. Г. Неорганическая, коллоидная и физическая химия : учебное пособие / Л. Г.Веренцова, Е. В. Нечепуренко. - Алматы : New book, 2022. - 216 с.

Ағылшын тілінде:

1. Glinka, N. L. General chemistry. Volum 1. : manual for graduate students / N. L. Glinka, S. S. Babkina. - 27th ed. - Almaty : "Evero" , 2017. - 232 p.
2. Glinka, N. L. General chemistry. Volume 2.: manual for graduate students / N. L. Glinka, S. S. Babkina. - 27th ed. - Almaty : "Evero" , 2017. - 176 p.
3. Glinka, N. L. General chemistry. Volum3.: manual for graduate students / N. L. Glinka, S. S. Babkina. - 27th ed. - Almaty : "Evero" , 2017. - 248 p.
- Glinka, N. L. General chemistry. Volum4.: manual for graduate students / N. L. Glinka, S. S. Babkina. - 27 th ed. - Almaty : "Evero" , 2017. - 176 p.
4. Nazarbekova, S. P. Chemistry: textbook / S. P. Nazarbekova, A. Tukibayeva, U. Nazarbek. - Almaty : Association of hiighereducationalinstitutions of Kazakhstan, 2016. - 304 p.
5. Shokybayev, Sh. A. Teaching methods on chemistry: textbook / Sh. A. Shokybayev, Z. O. Onerbayeva, G. U. Ilyassova. - Almaty : [s. n.], 2016. - 271 p.
6. Manarov, N. T. Computer chemistry: textbook / N. T. Manarov. - Almaty : Association of hiighereducationalinstitutions of Kazakhstan, 2016. - 312 p.

Қосымша әдебиеттер

- 1.Бабков, А. В. Химия: учебник для мед. училищ и колледжей. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 352 с.
2. Дауренбеков Қ.Н. Химия :оқу құралы / Қ. Н. Дауренбеков, Қ. М. Серимбетова, А. Ш. Өмірқұлов . - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2019. - 272 бет. с
- 3.Оспанова , М. Қ. Химия. Б.2 : жалпы білім беретін мект. қоғам.-гуманит. бағытындағы 10 сыныб. арналған оқулық / М. Қ. Оспанова , Қ. С. Аухадиева, Т. Г. Белоусова. - Алматы : Мектеп , 2019. - 16 бет. : сур.

Электронды басылымдар

- 1.Жолнин, А. В. Общая химия [Электронный ресурс] : учебник / А. В. Жолнин. - Электрон. текстовые дан. (40,9МБ). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск
- 2.Жалпы химия. Общая химия : Оқулық. 1-том / С.Ж. Пірәлиев, Б.М. Бутин, Г.М. Байназарова, С.Ж. Жайлау; ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастыры. - Алматы: BOOKPRINT, 2016. - 609 б. <http://rmebrk.kz/book/1171239>
- 3.Жалпы химия. Общая химия : Есептер шешімдері: Оқу құралы . 3-том / Б.М. Бутин, Г.М. Байназарова, С.Ж. Жайлау, Ә.М. Қуатбеков; Жоғары оқу орындарының қауымдастыры. - Алматы: BOOKPRINT, 2016. - 438 б. <http://rmebrk.kz/book/1171228>
- 4.Ш.С. Сүлейменов, Р.М. Исакова Химия: оқу құралы. - Қарағанды:ЖК «АҚНҮР баспасы», 2015. – 194 б. <https://aknurpress.kz/reader/web/2477>

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жынындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	72 беттің 77 беті

5. Сейтембетов Т. С. Химия / Сейтембетов Т. С., 2020. - 273 с.
https://elib.kz/ru/search/read_book/2962/

6. Патсаев А. К. Биоорганическая химия / Патсаев А. К., Бабкина С. С., Бақтыбаев Ө. ., Куатбеков Ә. ., 2020. - 345 https://elib.kz/ru/search/read_book/789/

7. Куатбеков Ә. .Биоорганикалық химия практикумы / Куатбеков Ә. ., Бақтыбаев Ө. ., Патсаев А. К., 2020. - 592 https://elib.kz/ru/search/read_book/788/

8. Болысбекова С. М. Химия биогенных элементов / Болысбекова С. М., 2020. - 225 с.
https://elib.kz/ru/search/read_book/237/

9. Глинка Н. Л. Жалпы химия. IV том / Глинка Н. Л., Бабкина С. С., 2020. - 157 с.
https://elib.kz/ru/search/read_book/712/

10. Патсаев А.К. Функциональные производные

углеводородов :учебное пособие.-Алматы:Эверо, 2020.-404с.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/773/

11. Ж.Э. Шокыбаев, Д.Э. Царажанова

«Химия тарихы»: оқу куралы/ Ж.Э. Шокыбаев, Д.Э. Каражанова. – Алматы
<https://aknurpress.kz/reader/web/1796>

12. Битемирова А.Е. Химиялық синтез практикумы: лабораториялық жұмыстарды орындауға арналған оқу құралы. Битемирова А.Е. Қарағанды: «MedetGroup» ЖШС, 2018. – 160 бет
<https://aknurpress.kz/reader/web/1177>

13. Химия есептерін математикалық теңдеулер мен теңсіздіктер арқылы шығару: оқу құралы (2-ші басылым).Редакциясын басқарған п.ғ.д., х.ғ.к., профессор Бекішев Қ./Тұрсынғожаев Қ.Б., Алмабаева А.Қ., Бекішев Қ. – Қарағанды:ЖК «АҚНҮР баспасы», 2013. – 236 б.

<https://aknurpress.kz/reader/web/1053>

14. Ковальчукова, О. В. Химия : учебное пособие / О. В. Ковальчукова, О. А. Егорова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2011. — 156 с. -
<https://www.iprbookshop.ru/11429.html>

15. Абрамычева, Н. Л. Практикум по общей химии : учебное пособие / Н. Л. Абрамычева, Л. М. Азиева, О. В. Архангельская ; под редакцией С. Ф. Дунаев. — Москва : Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, 2005. — 336 с.-
<https://www.iprbookshop.ru/13106.html>

<p>ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/11- 72 беттің 78 беті	

<p>ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</p> <p>Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</p>	<p>77/11-</p> <p>72 беттің 79 беті</p>

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</p> <p>Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</p>	<p>77/11-</p>	<p>72 беттің 80 беті</p>